

КӨКЕЙКЕСТІ

АУЫЗ СУ:

ҚАРАҒАНДЫДА ҚАДІРСІЗ, МАҢҒЫСТАУДА ҚАТ



Маңғыстау жұрты суға зәру. Ал Қарағанды өңірінде су далаға ағып жатыр. Өңірімені мұнайды өлкеден бастайық.

Маңғыстау облысының Сарға ауылының халқы ауыз емес, мұнайға пайдаланатын техникалық су ішіп отыр. Оның өзін талонмен алып, тасымалдайды екен. Ауылға су жеткізу үшін «Ақбұлақ» бағдарламасымен осыдан 5 жыл бұрын құбыр тартқан. Бірақ құрылыс жұмыстары тоқтап қалыпты.

Су стансаларының әр қайсысы 500 тоннадан. Оның екеуі су жинап, біреуі су тазартуға арналған. Ал тазартылған су насос стансасы арқылы су құбырымен ауылға жеткізілуі тиіс. Алайда сарғалықтардың таза су ішеміз деген арманы орындалмай қалыпты. Өйткені, жоба тоқтаған. Қазір әлгі қараусыз стансаның есік-терезесі сынып, мүлкі шашылып жатыр.

Ал ауыл ішінде қазып тастаған тереңдігі 2 метр құдық әр үйдің жанында, әр көшеде бірнешеуі бар.

Бес жыл бұрын қазылған құдықтар сол күйі ашық жатыр.

Сарға ауылының тұрғыны Орынбасар Қиянов «Қазақстан» телеарнасына берген сұхбатында: «Бір кездері ауыл ішіне кранмен су келеді деген еді. Бірақ бітпей қалды, себеп көп, сылтау көп. Ең қиын жағдай суды талонмен барып аласың, оны водовозға апарып бересің. Сөйтіп, су 2-3 күнде құйылады. Суға жарымаған адамның зары бітсін бе?», — дейді күйініп.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚЫЛМЫС

ЖАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАН САҚТАМАЙДЫ



Атырау қаласындағы емханалардың бірінде медбике болып қызмет ететін 32 және 28 жастағы азаматшалар вакцина алғаны туралы жалған ақпаратты енгізіп келген. azattyq-ruhy сайты хабарлағандай, медбикелер вакцинаның әр кезеңі үшін 50 мың теңгені, яғни екі кезеңі үшін 100 мың теңгені банктік есепшотына аударып алып отырған. Ақшасын аударған тұрғындар емханаға еркін келіп, вакцина алмай-ақ «вакцина паспортын» алып жүріпті.

(Жалғасы 3-бетте)

ОЛИМПИАДА – 2020

«Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын». Токио жазғы Олимпиада ойындарында еліміздің атынан сынға түскен спортшылардың қиай жеңілу сериясы жалғасуда. Өзегінді ертеітіні халқының саны алты миллионнан асатын Түркіменстан елінің спортшылары біздің алдымызды орап тұр. Ауыр атлетика сайысында 59 келіде зілтемір көтерген Полина Гурьева алты миллион түркімен халқының абыройын арқалап шықты. 21 жастағы бойжеткен Токио Олимпиадасының күміс медаліне ие болды. Қоссайыс қорытындысы бойынша 217 келі зілтемірді басынан асыра көтерген ару мың түмен түркімен халқының абыройын аспанға шығарды. Иә, бұл Түркіменстанның тәуелсіздігін алған 30 жылдың ішіндегі алғашқы медалі. Енді алда болатын Олимпиада ойындарында Түркіменстан ауыр атлетикадан Олимпиада чемпиондарын да даярлап, толағайдай таланттар туғыза алатынын дәлелдейді әлі.

АҢШЫНЫҢ КЕШІККЕНІНЕН ДӘМЕТІП...



Ауыр атлетика туралы айттық қой. Өзбекстанның Токио төріне аттанған спортшыларының ішінен Әкбар Жураев Олимпиада чемпионы атанды. Жураевтың жілік майын кім толтырғанын білесіз бе? Қазақ бапкер Ержас Болтаев. Тума талант, дарынды оғлан Илья Ильиннің жеке бапкері болған Болтаев. 2012 жылы Лондонда өткен жазғы Олимпиада ойындарында Илья Ильин Олимпиада чемпионы атануына осы Ержастың сіңірген еңбегі де ерен.

Лондон Олимпиадасынан кейін біздің спортшылардың қаны мен зәрінен допинг табылып, басы дауға шатылғанда Болтаев бапкердің біліктілігін байқаған өзбек ағайындар сауға сұрап келді. Ержас Болтаевтан еліміздің ауыр атлетикасы сырт айналған кез еді сонда, көршілер құшағына орап алып кетті. Бұл екі жыл бұрынғы оқиға болатын. 2019 жылы Өзбекстанға барған Болтаевтың екі жылдағы жеткен биігі мен алған асуы, міне, Токио төрінде төрткүл дүниенің көз алдында көлбей берді. Күні кеше Әкбар Жураев 109 келіге дейінгі салмақта Олимпиада чемпионы атанды. Өзбекстан елінің спортшылары Токио Олимпиадасының 11-інші күнгі қорытындысы бойынша, 2 алтын, 1 қола медаль олжалап 29-орында. Ал біз әзірге 4 қола медальға «риза болып», 75-орындамыз. Алдымызда Тынық мұхитының түбегіндегі, халық саны сегіз жүз мыңнан сәл асатын Фижи аралы бар. Бұл елдің атан жілік, апайтос азаматтары регби спортынан Токио Олимпиадасының алтын медалін жеңіп алды. Қандай рух, қандай өр намыс! Бөдененің бөктергісіндей ғана жерде орналасқан шағын аралдың халқы осындай жетістікке жетіп отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

АҚЖОЛТАЙ

19 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІК

Ұлттық статистикасы бюросының дерегінше, елімізде 19 миллионыншы болып тіркелген тұрғын – Жәния Азаматқызы. Ол 2021 жылғы 20 маусымда дүниеге келді.

Жәния отбасында 4-ші бала. Нәрестенің ата-анасы Алматы облысы Іле ауданы Чапаев ауылында тұрады. Анасы – Назгүл Балтабайқызы Көбенбаева. Әкесі – Азамат Әбілғаппарұлы Нұрғалиев.



(Халық есімі туралы инфографика 2-бетте)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
72,40



DOLLAR
425,05



EURO
505,5



РУБЛЬ
5,87





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 30 ЖЫЛ

Еліміздің сыртқы істер министрлігі және Бас редакторлар клубы Тәуелсіздіктің 30-жылдығына арналған «Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен» VI халықаралық байқауының бес жеңімпазын анықтады. Ұйымдастырушы комитеттің қарауына 36 мемлекеттегі автордан 60 ұсыныс келіп түсті.



канадалықтар көзімен» атты бейнематериал іріктелді. Айта кетейік, байқау жеңімпаздары біздің елге сапармен келу мүмкіндігіне ие болады. Сапар аясында олар Нұр-Сұлтан, Алматы және Түркістан қалаларына, «Бурабай» демалыс аймағына барып, еліміздің табиғи және мәдени нысандарын аралайды. Сондай-ақ белгілі журналистер, дипломаттар

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМЫ ӘЛЕМДІК БАҚ-ТА

Байқауға қатысушылардың жұмыстары экономика, саясат, халықаралық қатынастар, мәдениет, туризм, денсаулық сақтау, спорт, қарусыздану, жаңғырмалы энергия, Абай Құнанбайұлы және Әл Фараби мұралары сияқты Қазақстанға қатысты кең ауқымды тақырыптарға арналды. Материалар газеттерде, журналдарда, онлайн БАҚ-тарда, телеарналарда, подкасттар мен өзге де танымал блог-платформаларда соңғы 12 айда жарияланған. Жалпы алғанда, ұйымдастырушылардың пікірінше, байқауға шетелдік журналистердің белсенді қатысуы шетелдік БАҚ-тың елімізге деген қызығушылығының жоғары екендігін айғақтайды.

Келіп түскен ұсыныстарды қарастыру нәтижесінде әділқазылар алқасы топ жеңімпаздарды анықтады. ТМД және Балтық елдерінен үміткерлердің арасындағы үздік материал ретінде журналист Николай Жуковтың (*Литва*) «Kauno Diena» газетінде жарияланған «Қазақстан бір жыл ішінде биліктің эволюциялық сабақтастығының өзіндік үлгісін көрсетті» атты мақаласы тандалды. Цолмон Бат-Эрдэнэнің (*Монғолия*) «MNB Mongolian National Broadcaster» телеарнасында жарық көрген «37 шақырымдағы 37 жылдық жоспары бар көрші» атты бейнематериалы мен мақаласы Азия және Тынық мұхит аймағының елдерінен келіп түскен өтінімдердің ішінде үздік деп танылды. Пәкістандық автор Мехмуд Ұл Хассан Ханның «Islamabad Post» және «DNA News» басылымдарында жарық көрген Қазақстандағы саяси және экономикалық реформалардың өзекті мәселелеріне және Абай Құнанбайұлының рухани мұрасына арналған мақалалары Таяу Шығыс және Африка өңірінен келіп түскен ен үздік материал болып танылды. Оңтүстік және Солтүстік Америкадан келіп түскен ұсыныстар арасынан

үздік материал ретінде «Канаданың біріккен қауымдастықтары» УЕҰ мен тележурналист Инга Керней-Келнер бірлесе дайындаған «Қазақстан


және қоғам қайраткерлерімен кездесе алады.

(Өз тілшіміз)



Инфографика


Тәуелсіздік жылдары ішінде еліміздегі халық саны 2 557,9 мың адамға (15.5%) өсіп, ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейін 19 009,6 мың адамды құрады.



ХАЛЫҚ ӨСІМІ

1992 – 2021 жылдардағы тұрғын саны

(жыл басында, мың адам)



Әлеумет.т⁰



ҚАЗАҚША АЙТУ ҚИЫН БА?

Міне, екі айдан бері жұрт ішкен асын жерге қойып, көк сандыққа (*теледидар*) телміреді. Кәрі құрлық елдері арасында өткен футбол біріншілігінен кейін басталған Олимпиада ойындары да мәреге жақындап қалды.

Дүбірлі дода өткен сайын әріптестеріміздің сөз саптасын, репортажды жүргізу мәнерін, білімі мен біліктілігін сөз етеміз. Әдеттегідей, «Бойшан бойлы», «Жерге жайсыз қонды», «Аланның төменгі жағына барды» дейтін тіркестерді түсінбей, тіл жұтандығына қынжыламыз. Рас, Ғалым Сүлеймен, Есей Жәнісұлы, Ермұхамед Мәулен, Амангелді Сейітхан шеберлігін үздіксіз шыңдап, қарым-қабілетін арттырған, жүйелі сөзімен, орынды пікірімен тыңдаушыны ешқашан жалықтырмайтын нағыз майталмандар да бар. Бұлар Сейдахмет Бердіқұлов, Сұлтанғали Қаратаев, Орысбай Әбділлаев, Диас Омаров, Несіп Жүнісбаев, Дүрәлі Дүйсебаев, Қыдырбек Рысбек, Төлеген Жұмабек сияқты отандық спорт журналистикасы саңлақтарының алдын көрген, кітабы мен мақаласын оқыған, репортажын тыңдаған, солардың сөз саптасын, ұтымды ойы мен сәтті теңеуін жадында сақтап, көңілге тоқығандар. Аға буынның тәлім-тәрбиесін алғандар.

Кейінгі буын комментатордың басты кемшілігі, біздіңше, осы тақырыпты қозғаған қазақша дүниелерді оқымауында. Оның киіз кітабы (*оқулық*), әдістемелік құралы, сөздік қорын байытатын қайнар көзі әлеуметтік жел мен сайттар болып тұр. Содан болар, екі-үш сөйлемнен кейін айтары таусылып, тұсаулы аттай кібірткітеп қалады. Орысша тіркесті сөзбе-сөз аударып бере салады. «Қорғаушы соккыны өзіне қабылдады» (*защитник принял удар на себя*) дейді. Сөз кәдірін білетін бұрынғы комментатор мұндайда «Қорғаушы денесімен соккыға тосқауыл болды» деп суреттейтін.

Бүгінгі қазақша спорт репортажында «рикошет», «стандарт», «фланг», «финт», «реванш» секілді терминдер өріп жүр. Сейдаған (*С. Бердіқұлов*) «түлкібулан» деп сол финттің қазақша дәл баламасын (*«Қорғаушыға ұстамнай, түлкібуланға салды»*) айтып еді. «Реванш» дейтіндер, сірә, «қарымтаны» білмесе керек.

«Алғашқы минуттардан түйгеніміз, біздің ойыншылар бүгін барын салмақ. Иің тіресе жиналған жана стадиондағылар тұрмақ, бүгінгі самал желпіген ашық күннен де ұят. Көз ұшындағы сол қапталдан біреу зырлады. Нөмірі тұрмақ, өзі көмескі. Сірә, Альберт Краснов... Межов сытылып шықты-ау ебін тауып. Сонында дүркірей қуған кілең мұрт. Қайда біздің сайыпқырандар? Бәсе! Болат Ишанов бастырмалатып келеді. Оң қапталдан арбай-сарбай Болотов та өзін сабалай түседі. Доп Болат Ишановта. Нөпір таптап кете ме, өзін қалай! Допты Болотовқа жөнелтті. Ол да қасқыр екен, жиектетіп алып барады. Нөпір солай қарай құлады. Осы кез доп қайтадан Ишановқа тиді. Алдындағы екеуді бұлтанмен жеп қаптырып, перді-ау. Арғысын айтып неғылайын. Сорайған бойыннан Денисовым-ай! Балаша секіреді. Қайтсін, қарсы қақпа қашық». Бұл - Сейдағаның кейіпкері, Баянауыл төңірегіндегі бір ауылдың шофері Бектайдың көлік ішінде жүргізген «репортажынан» үзінді. Қаламгер «Жүрсін-ау бір қиырда» атты әңгімесінде сонау 1958 жылы өзі куә болған оқиға туралы былай жазыпты: «Әсіресе, соңғы жылдары сол қара тілге жүйрік қазағымыздан теледидар мандайына жөні түзу бір спорт шолушысының бітпей жүргеніне жүректің түбі сыздайды».

Бүгінгі телевизиядағы спорт саласы қара тілге жүйрік қазакқа өте-мөте зәру. Ел мен жер атауын қазақша айта алатындар да қажет болып тұр. Кітап пен мерзімді басылымды оқымайтындықтан, ойланбастан орысшалап Ямайка, Босния и Герцеговина, Франкфурт-на-Майне, Ростов-на-Дону» демес едік.

Ойлы журналистикаға қашан ойысамыз?

Срайыл СМАЙЫЛ



Сархат БЕЙСЕНОВА,
Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік бас санитарлық дәрігері:

«Вирус жұқтырғандар серуендеп, табиғатқа шығып, бір-біріне қонаққа барып,

қыдырып жүр. Өз жақындарына қауіп төндіретінін сезінер емес. Олар өзін-өзі оқшаулауға міндетті екенін түсінуі керек. Үй карантинін сақтамағандар өкімшілік жауапкершілікке тартылып, 87 510 теңге көлемінде айыппұл төлейді».

Жанар СӘПИЕВА, Алматы фтизиопульмонология орталығының директоры:



«Дельта-штаммың таралуымен аурудың клиникалық сипаты өзгерді. Біріншіден, ауруханаға жатқызылатын науқас саны артты. Бұл штамм ағзада жылдам көбейеді, аса жұқпалы. Инкубациялық кезеңі 7-8 күн. Екіншіден,

өкпені бұрынғыдан да бөтер зақымдайды. Алғашқы белгілері суық тигізгенге ұқсас: сырқаттың ыстығы көтеріліп, қалтырайды, аздап жөтеледі, басы ауырады. Екі-үш күннен кейін жағдайы ауырлайды. Сондай-ақ қанда тромбоцит көбейеді. Бұл тромбозға әкеп соқтыруы мүмкін».

Алмас ШАРМАН,
Профилактикалық медицина академиясының президенті, Американ денсаулық сақтау қауымдастығының мүшесі:



«Популистер вакцинаға қарсы қызу жұмыс істеп, төп-теуір ақша тауып отыр. Бұл адам өмірімен ойнаудан басқа ештеңе емес. Әзірге коронавирусқа қарсы дәру жоқтың қасы. Адамзат пандемияға қарсы күресте вакцинадан басқа ештеңе ойлап тапқан жоқ. Сондықтан өзіңіз бен жақындарыңызды қорғаңыздар».



Олимпиада – 2020

(Басы 1-бетте)

АҢШЫНЫҢ КЕШІККЕНІНЕН ДӘМЕТІП...

Болмаса, Косовоны қарансы. Сербиядан 2008 жылы бөлініп шыққан Косовоның қос бірдей қарлығышы Дистрия Красинки (48 келі) мен Нора Якова (57 келі) дзюдо күресінен Токио Олимпиадасының чемпионы атанып, Косово мемлекетінің туын желбіретіп, әнұранын шырқатты. Қалай сүйінбейсің, біле білсеңіз, бұл мемлекеттің билігі спортшыларының аузынан дәл біздегідей ақ май ағызбайды. Экономикалық әлеуеті де айтарлықтай зор емес. Спорттың алты түрінен 11 спортшысын апарған Косовоның ұлттық олимпиада комитеті 2 алтын медаль олжалады. Ал біз 19 спорт түрінен 93 спортшыға сенім артып, 4 қола медальді місе тұтып келеміз. Әлі де үмітіміз үзілмейді, дегенмен...

Боксшыларымыз жазғы Олимпиада ойындарынан алтын медальсіз қайтпағанын өткен нөмірде жаздық. Айналып соғып сағыздай созып қайтеміз, жалғыз үміт енді Сәкен Бибосыновта. Ғалым Кенжебаев баптайтын ұлттық құрама сапынан Токио Олимпиадасына сегіз боксшымыз қатысқан. Үміт күткен боксшыларымыздың бордай үгіліп түскені жанымызға әлі де батады. Токио жазғы Олимпиадасының ашылу салтанатында туымызды ұстап шыққан Қамшыбек Қоңқабаев та қола жүлдені місе тұтты. Жартылай финалды америкалық Ричарт Торрестің ауыр соққыларына төтеп бере алмады. Екінші раундта нокдаун алды, мұрны канады, үшінші раундта рефери жекпе-жекті тоқтатты. Көпшілік қызылордалық боксшыдан алтын медаль күтті. Пешенесіне қола бұйырған екен, құтты болсын дейміз. Токио рингінде жалғыз қалған 52 келі салмақтағы Сәкен Бибосынов та жартылай финалда сүрініп, қола жүлдені місе тұтты. АИБА-ның екі мәрте үздік бапкері атағын алған Мырзағали Айтжановтың жеке шәкірті саналатын Сәкен жартылай финалдық жекпе-жегінде британдық Халид Яфаймен айқасты.

75 келіде Әбілхан Аманкүл ширек финалда ұтылғанда жеке бапкері Нұрлан Ақүрпеков шәкіртінің ескі жарақаты сыр бергенін, иығын ауыртып алғандықтан, ашылып айқаспады деген пікір айтты. Сонда дейміз-ау, жарақаты бар спортшыны сайысқа сүйрегеннен не ұттық? Әбілхан Аманкүл әлем чемпионатының күміс жүлдегері екенін білеміз, құрмет тұтамыз.



Бірақ жарақаты бар боксшыны атағына қарап айқасқа саламыз деп «екі жеп биге шықтық па?» Керісінше, желіндік қой. Әбілханның сырқаты қайта «оянды». Енді ол құлан-таза айыққанша қолғабын кие алмайды. Оның орнына мүмкін жас боксшының бірін апарғанда жастық жалынымен бірқаншасын ұрып, ұзаққа барар ма еді? Сұрақ көп. Токио Олимпиадасы жамайтын жыртығымыздың жалпайып жатқанын дәлелдеп берді.

Грек-рим күресінен 60 келіде Мейрамбек Айнағұлов, 77 келіде Демеу Жалыраев, 87 келіде Нұрсұлтан Тұрсынов алғашқы айналымнан аса алмады. Ұлттық рух, елдік намыс деген осы шығар. Қырғызстаннан Токио жазғы Олимпиада ойындарына 16 спортшы келді, әзірге 1 күміс, 1 қола медалі бар. Екі жүлдені грек-рим күресінен Ақжол Махмұдов (77 келіде күміс жүлдегер атанды) пен қыздар күресінен Мейірім Жұманазарова қола медаль олжалады. Жалпы 2008 жылы Бейжің Олимпиадасынан бері Қырғызстан спортшылары жазғы Олимпиаданың медаліне қол жеткізе алмай келеді. Олқы соққан тұсын осылайша балуандары бүтіндеп жатыр. Қыздар күресінен Айсұлу Тыныбекова финалда күреседі әлі. Қырғызстан спортшылары 1 күміс, 1 қола медальмен 63-орында тұр.

Аншының кешіккенінен дәметкен халықпыз. Алтын медальдан әлі де үмітіміз зор.

Қуаныш КӨШІМБАЙ

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

КАРАТӘШІ ДАРХАН АСАДІЛОВ, ЕРКІН КҮРЕСТЕН НҰРИСЛАМ САНАЕВ ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ.

Қылмыс

(Басы 1-бетте)

Атырау облысы полиция департаменті мен облыстық прокуратура бірлесіп, жедел іс-шара жүргізу барысында медбикелердің бірі — жалған ақпаратты жүйеге енгізгенін, екінші медбике қитұрқы әрекетке барып,

жасағандарын мойындаған. Алайда тәртіп сақшылары құжат жасатқандардың саны одан да көп болуы мүмкін дейді. ШҚО полиция департаментінің бастығы Сағат Мәдиев: «Медицина қызметкерлерінің заңсыз әрекеті Қылмыстық кодекстің 385-бабы бойынша «Жалған құжаттарды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу» деп айыпталарды. Оларға

ЖАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАН САҚТАМАЙДЫ

вакцина сұйықтығын адам денесіне салмағанын анықтады. Қазір екі күдіктіге қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары басталып кеткен. Сондай-ақ медбикелердің нақты қанша тұрғынға жалған вакцина паспортын жасағандығы анықталуда. Айта кетейік, 31 шілде күні атыраулық полицейлер жалған вакцина паспортын дайындағаны үшін тұрғындардан 10 мың теңге ақша алып келген 40 жастағы медициналық қызметкерді ұстаған болатын. Мұндай жағдай Семейде де болды. Полицейлер ПТР анықтамасын қолдан жасаған екі медицина қызметкерін құрықтады. Олардың бірі жалған құжатты 15 мың теңгеге сатып келген. Ақшаның бір бөлігін тапсырыс берушілердің құжаттарымен бірге жедел медициналық жәрдем стансасы орталығындағы танысына беріп отырған. Ал ол екпе алмаған адамдардың аты-жөнін мәліметтер базасына енгізіп отырыпты. Тергеу кезінде медицина қызметкерлері 30-дан астам тұрғынға жалған ПТР анықтамасын

4 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген», — деп түсіндірді. Ал Оралда сактандару компаниясының екі қызметкері жалған ПЦР-тест пен Ресей шекарасынан келергісіз өту үшін Орынбор медициналық мекемесіне шақырту-анықтамасын қолдан жасап сатқан. Қызметкерлердің үстінен қылмыстық іс қозғалды. Сондай-ақ көрші елде жұмысқа тұру үшін жалған құжаттарды сатып алған 3 азамат ұсталды. Қазір олардан ешқайда кетпеу жайлы қолхат алынған. Ұсталғандар да қылмыстық жазаға тартылады. БҚО полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекші маманы Мөлдір Садырғалиеваның айтуынша, оның қызметіне жүгінген үш азамат анықталыпты. Оларға қатысты Қылмыстық кодекстің 385-бабына сәйкес тергеп-тексеру амалдары жүргізіліп жатқан көрінеді. Олардың кінәсі дәлелденсе, 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Қазақы реализм

МОТОҒА ҚОЙ ӨҢГЕРГЕН

Амалын тапсаң, мотоциклді ат қыласың. Шығыс Қазақстан облысында мотоциклмен қой тасыған адам әкімшілік жазаға тартылды. Әлеуметтік желіге таралған видеода Үржар ауданының тұрғыны мотокөліктің екі жағына екі тірі қойды теңдеп, алдына тағы біреуін өңгеріп алыпты. ШҚО полиция департаменті ереже бұзған азаматқа әкімшілік кодекстің бірнеше бабы бойынша айыппұл салынғанын хабарлады.

Хабарламада 35 жастағы азаматтың мотоциклды құжатсыз айдағаны, көлігінде мемлекеттік нөмері болмағаны және мототолем кимегені айтылған. Сөйтіп, мотокөлікпен қой тасыған жігітке 77 784 теңге айыппұл салынды. Ал Алматыда көлігін кинотеатрға айналдырған жүргізуші ұсталды. Ол көлігінің артына теледидар орнатып алған. Қала көшелерінің бірімен жүріп, бейнеролик көрсетіпті. Бейнежазба әлеуметтік желіде тарап, полиция еріккен азаматты қолға түсірді. Оған да жол тәртібін бұзғаны үшін 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салды.



Көкейкесті

(Басы 1-бетте)

Сарға ауылында 1700-ге жуық тұрғын бар. Елді мекенге Қығаш құбыры арқылы су келіп тұр. Тұрғындар оны алдымен құдыққа құйғызады. Одан үйге тасып ішеді. Бірақ сапасы сын көтермейді. Сәуірбай Такабаев есімді ауыл тұрғыны: «Екі водовоз бар еді, оның біреуі қазір бұзылып жатыр. Амал

жоқ, жекеменшікке жүгінесің. Оның бір водовоздың бағасы үкіметтің 3 водовозының ақшасына тең», — дейді ауыз судан ақша жасап отырған ортадағы пысықтардың ісіне налып. 2017 жылы қолға алынған жобаны Сико ЖШС 1 жылда аяқтауы тиіс болған. Мердігерге сол кезде 477 млн теңгенің 427 миллионы аударылыпты. Бірақ 20 шақты адаммен құрылыс жұмыстарын жүргізген кәсіпкер әлі күнге дейін ақысын ала алмай жүргенін айтады. Бауыржан Сейтеков сол

орнатқызды. Ай сайын сол бойынша төлем жасап тұрмыз. Төлемесен, төбеңе кеп дікендеп тұрады. Ал мына судың мәселесін шешіп беріндер десек, пысықрмай отыр», — деп ашынады. Ауыл су ысырап болмай қайтсін, тозығы жеткен құбыр әр жерінен бір жарылып, көшені көлшікке айналдырған. Мысалы, көшенің басындағы бір үйден жарылып аққан қара су жолды жылға қылып алыпты. Бірақ құбырларды жамап-жасқауға ауыл тұрғындарының қалтасы көтермейді. Сондықтан бір үйде құбыр жарылса, бірнеше көше сусыз қалады екен. Құбыры жарылған үйдің иесі Бейбітжан Бәсенұлы әкімдік көмектеспесе, құбырды жөндемеймін деп ерегісіп отыр. Ол: «Орталықтан шыққан шүмек құмға басылып қалған, құдық жок. Негізі, құдықта шүмек болуы керек. Сосын сол жерден су кеткен шүмекті жауып тастау керек. «Өзім құдық қойяын. Құдықтың ішіндегі шүмегің істеуге маған көмектесіңіздер. Сосын үйіме қарай суды өзім жасап аламын» — дедім. Ал

АУЫЗ СУ:

ҚАРАҒАНДЫДА ҚАДІРСІЗ, МАҢҒЫСТАУДА ҚАТ



кезде жұмыс істеген бригада жетекшісі. Ол: «Жұмыс басталған кезде ақша алып тұрғасын сеніп, сол мекемеге 6 ай жұмыс жасап ақшамды ала алмай қалдым. 6,5 млн теңге ақшам бар алатын», — дейді. Бейнеу аудандық құрылыс бөлімі жоба уақытында аяқталмаған соң, мердігер мекемені 3 рет сотқа беріп, жеңген. Алайда бір тиын да өндірілмеппті. Бейнеу аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Самат Бисенов: «Бұл мекемемен қанша рет соттастық. Сот барысында өздерінің жауапкершілігінен қашып отырған жоқ. 2019-20 жылдарды төтенше жағдай деп отыр. Қаржы жағынан қиыншылық болып қалған көрінеді. 15-20 күн ішінде заңгері

әкімдіктегілер істесең істе, істемесең қой деп отыр», — дейді. «Қырық кісі бір жақ, қыныр кісі бір жақ» деген осы. Көшенің басындағы үйдің құбырынан кеткен ауыз су көл болып, ары қарай далаға жайылып жатыр. Үйлердегі судың қысымы жоғалып, тұрғындар көшеде ағып жатқан ауыз суға зар болып отыр. Құрғақшылық жайлаған қиын тұста әкімдік пен мамандар қарапайым түйткілді шешуде дәрменсіз. Ал Ақтау кентіндегі ағыл-тегіл аққан ауыз судың мәселесі жылдап жатса да, шешімін табар емес. Себебі құбырлар 30 жылдан бері мемлекет меншігіне өткізілмеген. Коммуналдық мекеме балансында да



келіп кетті. Қаржы көздерін іздестіріп жатырмыз, бітіріп береміз деп отыр», — дейді. Ал аудан әкімдігі жыл соңына дейін ауылға су жеткізуді жоспарлап қойыпты. Егер, мердігер компания жобаны тағы да аяқсыз қалдырса, жұмсалған қаржы сот арқылы өндіріліп алынады. Содан кейін ғана жұмыс басқа мердігерге жүктеледі. Бірақ оған да құдай нысап берсін. Мердігерден мердігердің несі артық, біреуі бітірмеген шаруаны екіншісі жасайды дегенге сенім аз.

Қарағандының Ақтау кентінде ауыз су далаға ағып жатыр. Соның кесірінен екі көшенің тұрғындары соңғы жылдары суға жарымай отыр. Ауылдағылар қуаңшылық жайлаған өңірде елдің түсіне кіретін мөлдір тамшы ысырап болып, көшеде ағып жатқанына наразы.

Кенес одағы тұсында тартылған құбырларды жергілікті билік мемлекет меншігіне өткізбеген. Сондықтан коммуналдық мекеме оны балансына алмапты. Ақыры тозған құбырды жамауға жағдайы жетпеген қараша көшеге жайылған ауыз суды кешіп жүр. Шілденің шілінгір ыстығында Ақтау кентінің тұрғындары құбырдағы суға телміріп отырғандары. Ас дайындауға, кір жууға, бакшасын сүзуге үшін мұндағылар жарты түнді күтеді. Бакшаны суару үшін «Су келді» дегенде жапа-тармағай ылдыстың бөріне су толтырып жанталасамыз дейді. Бардың қадіріне жете алмай отырған Ақтау кентінің тұрғыны Ольга Кобцева КТК тілшісіне берген сұхбатында: «Өткен жылы «Окжетпес» компаниясы бізбен келісімшарт жасасты. Судың мөлшерін санау құрылғыларын мәжбүрлеп тұрып

жоқ көрінеді. Сондықтан тозығы жеткен құбыр қанша жерден жыралса да, олар пысықырып қарамайды. Шенеуніктердің жайбасарлығы мен шалалығы қаталаған қарашаның қалтасына жүк болмақ. Әзірге олар шырпылдаған жұртты сабырға шақырумен жүр.

Қара суы далаға аққан Ақтау кентінің әкімі Әнуарбек Бахриенов: «Ауылдағы құбырдың көбі мемлекет меншігіне өткізілмеген. Қазір бұл жұмыспен заң шеңберінде айналысып жатырмыз. Сотқа жүгініп бір жыл ішінде меншікке өткізсек, «Окжетпес» компаниясының балансына



береміз. Ауыз су далаға ақпауы тиіс. Ал құбыры жарылған үйдің тұрғынына ескерту жасалды. Егер құбырын жөндемесе, оны судан ажыратамыз», — дейді. 30 жыл бойы стратегиялық нысандардың меншікке өтпегенін ол өзіне дейінгі әкімдерден көреді. Тұрғындар уақытша келетін «әкімдердің әні осы» дейді. Уәдені үйіп-төгіп бұл кетсе, орнына келгені осы ертегіні тағы айтады. Сондықтан ауыз суы ысырап боп жатқан ауыл тұрғындары құбыр жамай алмайтын Қарағанды билігінен емес, Ақордадан көмек сұрайды.

Жарас ШӨКЕ

Жас келсе – іске

Біздің кейіпкеріміз – Данара Саранова. Жаңа Қазақстанның жаңа есімі. Шымкентте жүріп-ақ қатардағы волонтерден Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық волонтері дәрежесіне дейін көтерілген ынталы да зерек жас. Тәуелсіз Қазақстанның төл құрдасы Данара туралы көп жазуға болады. Себебі оның осы күнге дейін жеткен жетістігі аз емес.

Данара қазірде «Шымкент қаласының Access бітірушілері «ASAA» жастар қоғамдық бірлестігінің» жетекшісі. Бұл ұйымға 600-ден аса ерікті тіркеліп, қаланың әлеуметтік тыныс-тіршілігіне шама-шарқынша үлес қосып жүр. 2017-2018 жылдары екі жыл қатарынан шаһар басшылығынан «Ең үздік волонтерлік ұйым» деген номинациясын алған. Ал Д.Саранова 2019-2020 жылдары «Халықаралық волонтер» марапатына ие болған. Ол: «Өмірде ерікті болып, көп жетістіктерге жеттім», – дейді. Түйгені мол, айтары көп жасты әңгімеге тартқан едік.

Жас qazaq: Данара, еріктілік дегенді қалай түсінесіз? Жалпы, біздің қоғам еріктілікті қалай қабылдайды?

Д.Саранова: Волонтер болу – пайдалы болу, шын мұқтаж жандарға қажет уақытта керек

Данара САРАНОВА:

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫ ӨТЕ ПЫСЫҚ

жерде қолыннан келгенше тегін көмек көрсету. Одан ешқандай пайда күтпеу. Ең маңыздысы, нақты қандай көмек көрсететінінді ұғынып алу. Қазак халқында еріктілік деген ұғым бұрыннан бар. Халқымыздың болмысына асарға шақыру, асарлату ұғымдары сіңісіп кеткен. Несін жасырамыз, осы уақытқа дейін еріктілікті негізінен студенттер, ерігіп жүрген, қолы бос жастар деп түсінетін еді. Тек қолына жалауша ұстап алып, флешмобқа қатысады деп ойлайтын. 2020 жылы Еріктілер жылында өте ауқымды ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізілді. Соған сәйкес, волонтерлердің де жұмысы көріне бастады. Мәселен, біз жақсылық істесек, жариялауға тырыспайтынбыз. Былтырдан бастап волонтерліктің жаңа статусы пайда болды. Оларды құрметтей бастады. Бұрын тек жастар деп ойласа, қазір кімде-кімнің қызығушылығы және мүмкіндігі болса, сол волонтерлікпен айналыса алады. Қазір қоғам еріктілікті жақсы түсініп, қабылдады. «Волонтерлікпен айналысу үшін кімдерге хабарласу керек?» деген сұрақтың жауабын білетін болды.



Жас qazaq: Барлық адам жақсылықты жақсылық деп түсіне ме?

Д.Саранова: Мысалы, бізден көмек сұрап хабарласқан адамның жағдайын тексеріп, шын мәнінде, көмекке зәру ме, жоқ па мониторинг жасаймыз. Кей адамдар ұдайы біреудің өкеп бергеніне үйреніп қалатын сияқты. Бір еріктілер тегін азық-түлік әкелсін, екіншісі пәтерімді төлеп берсін, үшіншісі дәрі-дәрмек жеткізіп берсе дейтін де адамдар болады. Біз ол адамдарға «біздің ұйым тек еріктілікпен айналысады, бұл мемлекеттік бюджеттің қаржысы емес екенін» түсіндіреміз. «Өзіңіз де осы қиындықтан шығуға әрекет жасаныз» деп бағыт-бағдар береміз. Біздің тәжірибемізге сүйеніп айтар болсам, мұқтаж адамдарды өзіміз іздейміз. Әкімдіктерден тізім сұраймыз. Біз сияқты волонтерлер, қоғам белсенділері, блогерлермен әрдайым байланыстамыз. Жалпы, ешкімнен ешнәрсе күтпеген жақсы дейді ғой. Ойламаған жерден көмек алу мен өзін сұрап алғанның айырмашылығы жер мен көктей.

Жас qazaq: «Шымкент қаласының Access бітірушілері «ASAA» жастар қоғамдық бірлестігі» осы күнге дейін қандай жетістіктерге қол жеткізді?

Д.Саранова: Біздің ұйым 2011 жылы 24 қантарда тіркелген. Бірақ біз 2010 жылдан бастап жұмыс атқардық. Ұйым мүшелері ол кезде бірі – студент, екіншісі – оқушы болғандықтан, біз көбіне жастарға қол ұшын созып жүрдік. Сол кезден бастап түрлі тақырыптарда тренингтер өткіздік. «Жобалармен қалай жұмыс істеу керек?», «Экология», «Көшбасшылық», «Команда құру» тақырыптарында аптасына бір рет жастармен еркін форматта кездесу өткізетінбіз. Арасында кітап оқудан жарыстыратын клубымыз жұмыс істеді. Содан ақырындап әлеуметтік бақытқа сүйеніп дами бастадық.

Қазірде біздің құрамымызда 600-ден аса ерікті бар. Олардың ішінде кейбірі басқа қалаларда көшіп те кетті. Қай елге кетсе де, біздің волонтер екенін айтып отырамыз, байланысты үзбейміз. Біздің ұйым халықаралық деңгейдегі ұйымға айналды. ЕҚЫҰ, БҰҰ, Қазақстанның шетелдік елшіліктерімен тығыз байланыстамыз. Белгілі бір идея келсе, мүмкіндіктер өзінен-өзі пайда болады деп ойлаймыз. Мәселен, кей республикалық жобаларды 0 тенгеге жасаған кездер болды. Қатысушылардың жолақы, т.б. шығындарын оқитын оқу орны төлейді. Біз

жақтағы шығындарды демеушілер есебінен жабамыз. «Ладушки» сияқты кондитерлік желіге хатпен шығамыз. Олар тегін кофебрейк ұйымдастырып береді деген сияқты. Ең бастысы, ниет болса болғаны. Ел алдындағы біраз тұлғалар өз көлігімен келіп, жастармен кездесіп, ақыл-кенесін айтып кетеді. Олардың қатарында Данат Жұмин, Асқар Аманбаев сияқты мықты жаттықтырушылар бар.

Сонымен бірге дипломатия бағытында біршама жобалар жасадық. Ешқашан пойыз, не ұшаққа отырмаған ауылдың қыз-жігіттері біздің ұйымның атынан ел-жер көріп қайтты. Конкурстарға өтініш тапсыруға, сөйтіп, оған дайындалуға, құжат рәсімдеуге бастан-аяқ көмектесеміз. Осы уақытқа дейін біздің ұйымның атынан 150-ден аса адам халықаралық, республикалық конкурстарға қатысып келді. Пандемия болмай тұрған кезеңде командалымыз басқа өңірге, не шетелге жіберуге тырысатын едік. Пандемия кезінде волонтерлік салада біраз қиындықтар орын алды.



Біздің ұйымның негізгі жетістігі ретінде Қ.Тоқаевтан алған «Халық алғысы» медалі мен ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның алғыс хатын айтар едім. Одан өзге де әр алуан марапаттар алдық. Мұның бәрі Еріктілер жылының соңында қол жеткізген марапаттар. Жыл бойы біз жұмыстан бас алмай еңбек еттік. Біздің құрамымызда жүрген волонтерлер және олардың отбасы үшін бұл – үлкен жетістік. Біздің еріктілерімізге жалақы төленбейді.

Біз белсенді ұйым ретінде әкімдіктермен, ҰЕҰ-мен тығыз байланыстамыз. 2017-2018 жылдары қала әкімінен «Ең үздік волонтерлік ұйым» деген номинация алдық. 2019-2020 жылдары мен «Халықаралық волонтер» номинациясына ие болдым. Біз алғыс, не марапат үшін жұмыс істемейміз, әрине. Оның бәрі – біз үшін үлкен мотивация.

Бұлардан бөлек, Қазақстанда Америкаға барып келген әр саланың мамандары, яғни түлектерінің басын қосатын координатор екенімді де айта өтейін. Яғни Шымкент қаласында Access бағдарламасын тәмамдаушылардың үйлестірушісін. Пандемия кезінде республика бойынша координатор болдым.

Жас qazaq: Пандемия кезінде еріктілік саласында орын алған қиындықтар туралы айтыңызшы... Шыбын жанды шүберекке түйіп, үйден қарыс қадам аттай алмай қалған кездерде еріктілер мұқтаж отбасыларға керек затын жеткізуден танбады. Ауруды қалай жеңдініздер?

Д.Саранова: Пандемия кезінде волонтерлердің ата-анасы мүлдем жібермей қойды. Сол кезде не істерімді білмей қалдым. Мұқтаж жандар «маған көмек керек» деп қонырау шалады. Бір өзім шыққан кездер де болды. Оны әлеуметтік желіге салғанда достарым көріп, көмекке келді. Санитарлық нормаларды, арақашықтықты сақтап, азық-түлік себетін үйіне кірмей, есігінің алдына апарып тастап, кол беріп амандаспай, 2 метр қашықтықтан сөйлесіп жүрдік. Жұмыстың барысын ата-аналарға көрсетіп, кейіннен олар балдарын жіберетін болды. Дәл пандемия кезінде біздің қатарымызға қосылған еріктілер саны артты. Үйде жатқан 35-40 жастағы азаматтар хабарласа бастады. Қазіргі кезде дейін олар бізбен бірге, іс-шараларымызға қатысып тұрады. Біздің қасымызда жүрген ер адамға алғысымды білдіремін. Қатарымызды толықтырып жүрген адамдар – біздің ең басты жетістігіміз деп айтқан болар едім.

Жас qazaq: Сіз еріктілерге арнап шеберлік сабақтарын өткізеді екенсіз. Бұдан көрген нәтиже қандай?

Д.Саранова: 2007 жылы мектеп қабырғасында оқып жүрген кезде АҚШ елшілігінің «АҚШ-тың Қазақстандағы дипломатиялық миссиясы» бағдарламасы бойынша екі жылдық грант жеңіп алдым. Сол кезде бірінші волонтерлік ұғымымен танысып, өзімді ерікті ретінде байқап көрдім. Волонтер деген кім, қандай болуы керек? – деген сұрақтарға жауап алдым. Көп адамдар волонтерлік пен қайырымдылықты шатастырады. Сондай болмас үшін біз командалымызға келген еріктілерді онлайн, офлайн түрде еріктілікке үйретеміз. Тренинг, ойын ретінде күрделі тақырыптарды жеңіл түсіндіруге тырысамыз. Шешендік өнер, хабар алмасу техникалары, этикет, сыйластық, субординация, лидерлік, дау-даймен жұмыс деген тақырыптарды қазақша-орысша жүргіземіз. Тренингтерден кейін қатысушылар волонтерліктің қызметін, міндетін, ықтимал қиындықтарды шын мағынасында түсініп шығады.

Мәселен, мұқтаж отбасыларға көмектескен кезде біз амалсыз олардың жеке шекарасына кіруге мәжбүр боламыз. Бір жағынан бұл – өте қауіпті. Ол кезде арақашықтық сақтау өте маңызды. Оларды түсініп, көмектесіп,

жағдайдан шығып кету керек. Оның әрбірін жүрекке қатты қабылдап, отбасының ортасына түсуге тағы болмайды. Сондықтан көңілді жүріп, дұрыс көмек көрсетуге үйретеміз. Көшбасшылық қасиетке де баулимыз. Біздің ұйымға келген еріктілер басында ұлшак, өз-өзіне сенімсіз келеді. Олар бірінші рет еріктілікпен айналысқалы жатқандықтан, біз оларға волонтерліктің қыр-сырын үйретеміз. Сол арқылы олар мотивация алып, жаңа ортада жаңа достар табады. Арамызда жүрген кейбір жастар жұп құрады.

Жас qazaq: Білуімізше, сіздің есіміңіз волонтерлердің 100 есіміне кірген екен.

Д.Саранова: Әртүрлі конкурстарға қатысып тұрамын. Өзім Оңтүстік Қазақстан университетінің «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша тәмамдап шықтым. Оқу бітірген жылы еріктілік және көшбасшылық қабілеттерім маған жұмыс табуға, келешегімді жоспарлауға көмектесті. Студент бола жүріп, әділет департаментінде еріктілікпен айналыстым. Бітірген соң мені «Жолбарыс 2007» деген ұйымға зангер әрі кадр бөлімінің басшысы ретінде қабылдады. Менің қабілеттерімді байқаған басшылық бас зангерлікке дейін көтерді. Алайда волонтерлікті ешқашан тастаған емеспін. Жұмыстан тыс та қолдан келгенше айналысып жүрдім. Экология бағытында да ерікті болып, қоқыс жинап, арасында балалар үйіне барып концерт, қойылым қойып жүрдік.

Компанияда бір жылдай істедім. Сөйтіп жүргенде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеттің Қазақстан – Ресейдің қос дипломдығы бағдарламасы бойынша Ресей халықтар достығы университетіне магистратураға түстім. Мәскеудегі оқуым тегін болды. Бірақ, жатын орын мен жолақы, басқа да

шығынды өз қалтамыздан төлдік. Отбасымын қолдауының арқасында Мәскеудегі оқуымды жалғастырдым. Сол



кезде ағылшынымды дамыттым. Елшілікте іс-тәжірибеден өттім. Бос уақытымның бәрін оқуға арнадым. Кафедрада ғылыми үйірмені жүргіздім.

Мәскеуде оқып жүргенде ЕҚЫҰ-ға мүше елдерден «Жас елші» деген жоба туралы оқып білдім. «Неге тапсырмасқа?» деп ойладым. Құжаттарымыды тапсырдым да, өз жұмыстарыммен, оқуыммен айналысып, ол байқау туралы ұмытып кетіппін. Бір күні почтамды ашып қалсам, менің кандидатурам өткені туралы хабарлама келіп тұр. Бір жыл бойы Швейцарияның Женева, Берн, Базель, Австрияның Вена, Сербияның Белград қалаларында іссапармен болдық. Менен өзге көптеген елдерден келген 56 жас болды. Бір жыл бойы Қазақстанның атынан жас елші ретінде Швейцарияның жобасына қатыстым. Бағдарлама бастан-аяқ ағылшын тілінде өтті. Жастар туралы заннаманы жазуға атсалыстық.

Шымкентке оралған соң 6 ай бойы өзімді іздеп жүрдім. Қандай мүмкіндік бар. Кейін өңірлік кәсіпкерлік палатасына түйіндемемді тастадым. Шақырды, сұхбаттасудан сәтті өттім. «Адами капиталды дамыту бөліміне» бас сарапшы етіп қабылдады. Қай жерде қандай қызмет істесем де, мен волонтерлікпен айналысуды тоқтатпадым. Кейіннен БҰҰ-ның волонтерлерінің қатарына кіруге құжат тапсырдым. Мен қазір БҰҰ-ның волонтері болып саналамын. Одан кейін жеке компанияларда істедім. Қазақстанда еріктілердің ұлттық желісі жұмыс істейді. Біз олардың Шымкенттегі ресми өкіліміз.

Жас qazaq: «Волонтерлер былтырғы Еріктілер жылында ғана белсенді болып, жыл аяқталған соң белсенділік бәсеңсіп қалғандай әсер қалдырады» деген пікірге не дейсіз?

Д.Саранова: Біз волонтерлікпен бұрыннан айналысып келеміз, яғни былтыр ғана пайда болған жоқпыз. Былтыр

ақпараттық сүйемелдеу өте жоғары болды. Шынтуайтында, еріктілер биыл да тура сол қарқынмен істеп жүр. Қоғам еріктілерді түсіне бастады. 2020 жылы халқымыз басынан біршама қиындық өткерді. Соның бәрін басы-қасында еріктілер жүрді. Карантин кезінде адамдар үйде отырып қалды. Бос отырмау үшін еріктілер қатарына қосылды. Жұмысы басталған соң қайта жұмысына оралды. Барша еріктілер пандемия кезінде дәрігерлерге жеміс-жидек, азық-түлік жиынтығымен қолдау көрсетті және олардың балаларына ноутбуктер берілді.

Жас qazaq: Басқа қандай жобаларға атсалысыңыз?

Д.Саранова: Қазақстанда пандемия кезінде пайда болған «Қоғамдық бақылау» деп аталатын республикалық мониторингтік топ бар. Біз сол топқа мүшесіз. Былтыр гуманитарлық жүктерді қарсы алдық. Қоймаға келеді, одан ауруханаға жеткізіледі, ол жақта науқастарға беріледі. Біз

осы сатылардың бәрінде «Адалдық алаңы» жобасының қатысушылары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктен бірігіп жұмыс істедік. Күн демей, түн демей, дана-данасына дейін санап, тиісті орынға жеткізіп отырдық. Денсаулық сақтау басқармасымен тығыз байланыста жұмыс істедік. Дәріханаларда қандай дәрі бар, не жоқ деген сияқты мониторинг жасадық. Күніне 20-30 дәріхананы жаю араладық. Мәселен, өзімнің отбасымда екі бірдей дәрігер бар. Анам дәрі-дәрмекті өз ақшасына алып, укол, системаларды салып беріп жүрді. Анам: «Қолымыздан кеп тұрғанда неге көмектеспеске?» деп мені одан сайын жегірлендірді. Осы орайда сондай қиын сәттерде менің жұмысыма қолдау көрсеткен отбасыма алғыс білдіремін.

Сол кезде ірі кәсіпкерлер дәрі-дәрмек сатып алып, біз арқылы мұқтаж жандарға үлестірді. Дәрі-дәрмек тапшы кезде басқа қалалардан алдыртып не басқа қалаларға жөнелтетін едік. Бәрі де тегін болды.

Жас qazaq: Бүгінгінің жасы қандай болуы керек?

Д.Саранова: Менін ойымша, бүгінгі жас адал, ар-ұяты бар, бастамашыл, «Менің қолымнан бәрі келеді» деген сенімді бар болуы қажет. Жас болғандықтан, жаңа жобаларға, идеяларға ашық адам деп ойлаймын. Ертенгі болашақты ойлап, болжай білуі керек. Бүгінгі ісім ертеңіме, қоғамға, еліме не береді деп, қандай пайда әкелуі мүмкін деп ойлауы тиіс.

Жас qazaq: «Халықаралық дипломатия мектебі» жобасының соңы не болды?

Д.Саранова: Бұл – халықаралық конкурс. Жалпы мен кез келген іс-шараға барғанда «қоғамға не әкеледі, Шымкентке әріптес ретінде тартсақ бола ма?» деген оймен барамын. «EURASIA GLOBAL» деген үлкен халықаралық форумға бардым. Ол әр жыл сайын Оренбург қаласында өтеді. 2018 жылы барған кезде менің өтінішім қабылданбады. 2019 жылы өтінішім тастап жоба сессиясына өз жобамызбен тағы қатыстық. Форумның жабылу салтанатында 1000-нан астам адам, 108 ел қатысты. Ең бірінші менің жобамды атады. «Қазақстан. Шымкент. Данара Саранова» деп айтқанда, төбем көкке

бір елі жетпей қалды. Жалпы саны 12-13 жоба іріктеуден өттігі. Солардың арасынан суырылып сахнаға бірінші болып шыққанымыз үлкен жетістік деп ойлаймын. Ең бірінші біз жүзеге асырдық. 35-тен астам басқа елдердің жас дипломанттары келді. Ауқымды жоба болды. Негізгі бөлімі Шымкентте өтті. Жобаға бөлінген қаржы 1 млн 300 мың тенге болды. Біз серіктес ретінде «Rixos» қонақүйінің конференц залында өткіздік. Жаттықтырушыларға тегін нөмірлерін берді. Яғни қаламыздың жастарға жанашыр кәсіпкер азаматтарының арқасында аз қаржымен ауқымды жобаны абыроймен алып шықтық. Екінші бөлімі Ташкентте өтті.

Жас qazaq: Шымкенттің жастар саясатындағы өзекті мәселелер қандай?

Д.Саранова: Негізгі мен саясатқа жақындамаймын деп ойлап жүруші едім. Бірақ біздің бағыт әлеуметтік болғандықтан, саясаттан алыс жүре алмайды екенсін. Менің ойымша, жастарды дүниежүзілік саясатқа үйрету керек. Қазақстанды басқа елдерге жақсы жағынан дұрыс көрсете білу керек. Біздің жетістіктеріміз көбіне тасада қалып қояды. Өзіміздің ісімізбен, тірлігімізбен алға жылжудан шаршамау қажет.

Жас qazaq: Әлемнің біраз елін аралап қайтысыз. Біздің жастардың дамуы қай деңгейде?

Д.Саранова: Иә, мен Америкада, Еуропаның біраз қалаларында, ТМД, Орталық Азия елдерінде болдым. Ол жақтың жастарымен кездестік. Біздің елде белсенді жастар өте көп. Бірақ оларға ақпарат жетпей жатыр. Дүниежүзінде жүзеге асып жатқан түрлі жобалар көп. Соларды ұлттық болмысымызға лайықтап, қазақ жастарына жеткізетін ресурстар жетіспей тұр. Бір байқағанымыз, біздің елдің жастары өте пысық. Оларға бағыт көрсетіп, жолын аша түсу керек сияқты. «Болашақ» бағдарламасына ризамын. Бұл бағдарлама 100 пайыз өз миссиясын орындады деп ойлаймын. Қазір Креативті индустрияны дамыту жөніндегі жобалық офис ашылып жатыр. Оның басшысы Данат Жумин сияқты ағаларымыз жастарды қолдап жүр. Біз, ең алдымен, өз-өзімізді, бір-бірімізді бағалауымыз керек.

Мен өмірімде екі Президентпен жүзбе-жүз кездестім. ЕҚЫҰ-да «Жас елші» жобасы аясында Швейцария президентімен кездестім. Бірнеше кездесу болды. Жас елшілер заннаманы жасауға жұмылдырылдык. Сол кітапты Президент өз қолымен бізге табыстады.

2019 жылы Фронт офистін ашылуында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлымен қол алысып, пікір алысып, естелікке фотоға түстік. Қазір ойлап қарасам, өмірімде еріктіліктің арқасында өзімді дұрыс көрсете білдім.

Дәл қазіргі кезеңде «ASAA» жастар қоғамдық бірлестігінің құрамында 100-ден астам волонтер бар, оның 30-ы белсенді жұмыс істейді. Біз арқылы арысы Америкаға дейін, берісі көрші облыстарға дейін барып келіп жатыр. Жастарға арналған жобаларға қол жеткізуде. Біз жастардың қабілетін дамытуға көмектесеміз. Біз арқылы жобалық тұрып, кез келген компанияға тәжірибеден өте алады. Әкімдіктермен тығыз байланыстамыз. Бір сөзбен, үлкен механизм ретінде жұмыс жасап келеміз.

Жас qazaq: Мазмұнды әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Мөлдір КЕНЖЕБАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың агроөнеркәсіп кешеніндегі өнімділікті арттырып, экспорт көлемін ұлғайту міндеттерін іске асыруға тапсырма бергені әр фермердің де, аграрлық салаға жауапты ведомство өкілдерінің де есінде. Одан бөлек, 2022 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласына қажетті техникаларды жаңарту жұмыстарын 2 пайыздан 6 пайызға көбейтіп, суармалы, егін еуге пайдаланатын жер көлемін 1,4 миллион гектардан 2 миллион гектарға дейін ұлғайту, тұқым сапасын жақсарту секілді қордалы мәселелерді шешу шаруасы тағы бар.

«Малдың жайын баққан біледі» деп, қақаған қарлы боранмен көктемгі көкөзек кезеңде қиындықты белуардан кешіп, жаздың аптабына қуырылып, күздің қара суығына ұрына жүріп, төрт түлігін өсірушілердің жұмысы оңай емес. Оны Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылындағы «Үміт» шаруа қожалығының төрағасы Мереке Оразғұловпен әңгімелескенде де түйсіндік. Асыл тұқымды қой мен сиыр өсіруді қолға алған шаруа биылғы қуаншылықтың

енесіне ілесіп кете береді. Ал енді меринос қойының ішінде кейбірі қозысынан жеріп, алмай әуре етеді. Қозысы да әлсіз келетіндіктен, өлу көрсеткіші жоғары. Сол себепті де біздің өңірде меринос қойын өсіруден гөрі шаруалар асыл тұқымды еділбай, гиссар қойын бағуды құп көреді. **Жас qazaq:** Қой тұқымын асылдандырумен ғана емес, асыл тұқымды сиыр өсіру шаруасын да қатар өрбітіп келесіз. Былтыр ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында жеңілдетілген пайызбен қомалты несие де алыпсыз. **Мереке Оразғұлов:** Асыл тұқымды мал өсіру, болмаса қолдағы төрт түлігінің тұқымын асылдандыруға ден қою керек.



КӘСІБІНІҢ КӨЗІН ТАПҚАН



Мысалы, асыл тұқымды қойдың қозысы алты айлығында кәдімгі қарабайыр қойдың тұсағымен шамалас болады. Тіпті кейде салмағы артық та шығады. Сіздің баққан қойыңыздың төлі бір жылдан кейін шамамен 20-25 келі тартса, асыл тұқымды қойдың төлі алты айлығында 18-22 келіге жетеді. Міне, артықшылығы осында. Ауыл шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаға қатысып, былтыр 42 миллион теңге несие алдым. Соған 120 бас сиыр сатып ақелдім.

қындығы көс өкпеден қысып тұрғанын айтты. «Көппен көрген ұлы той» деген, ел ішіндеміз ғой халық аман болсын», — дейді Мереке Сағынғалиұлы. **Жас qazaq:** Өзіңіз басшылық ететін «Үміт» шаруа қожалығын қашан құрдыңыз? Мал шаруашылығын өрістетуге не себеп болды? **Мереке Оразғұлов:** Ата-бабамыз мал баққан халықпыз ғой. Өзімнің қорамда азын-аулақ мал өсірдім. 2003 жылы шаруашылық құрып, іргесін кеңейтсем деп асыл тұқымды қой сатып алып жұмысты өрістеттім.

Жас qazaq: Пайызы төмен бе, алған несиеңізді? **Мереке Оразғұлов:** 17 пайызбен алдым, 10 пайызын үкімет субсидиялайды, 7 пайызын мен өтеймін. Осы несиеге ақ бас сиырларды сатып алып, өсіріп жатырмыз. Жерсінуді де қиындық туғызбады. Бірақ биылғы қуаншылық оңай соқпай тұр. Жылда бұл уақытта қысқы азыққа шөбіміздің орып, жинап алатын едік, биыл шабындық жердің жайы мөз емес, түсім аз. Жаңа несиенің пайызы төмен бе? деп сұрадың ғой. Пайызы анау айтарлықтай ауыр соқпайды. Ауыл шаруашылығын,



Жас qazaq: Асыл тұқымды дедіңіз, қандай тұқым еді? **Мереке Оразғұлов:** Батыс Қазақстан облысынан Еділбай тұқымды қой сатып әкелдім. Бүгінгі таңда отардағы қой басы 1000-ға жетіп жығылады. Оның ішінде 600 бас аналық, қалғаны былтырғы, биылғы

оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар жеткілікті. Аграрлық саясат та дұрыс. Былтыр қыркүйек айында құжатымды өткіздім, желтоқсанда қаржы есепшотымызға түсті. Қыстың көзі қырауда табанымыздан тозып жүріп сатып алатын



төлі. Қозыларды кепе кезінде саттық біразын, ақша керек болды. Көктемдегі төлдеу науқаны жаман өткен жоқ, Аллаға шүкір, бұйырғанын алдық. Еділбай тұқымының бір артықшылығы меринос қой секілді сакман кезінде салмағын артпайды. Қозысы тез ширайды, өзі ауызданып,

малды әзер таптық. Несиенің қаржысы шаруаның қолына тигенге дейінгі жұмыс тым ұзаққа созылатыны қиын. Осы жағы келешекте реттелсе.

Сұхбаттасқан
Қуаныш РАХМЕТ

Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 2,5 мыңнан астам жұмыссыз және жас кәсіпкер оқытылған. Былтырдан бері 700-ден аса бизнес-жобаға гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие берілген. Сол қатарда Еңбекшіқазақ ауданының 28 жасар тұрғыны Ермек Сұңқарбекұлы газоблок, приторлық блоктар мен тақтатас шығаратын екі шағын кәсіпорынды іске қосқан.

Алғашқы зауыт өткен жылы Талғар ауданында салынған. 0,3 гектар аумақта өндірістік цех, қойма үй-жайы, ұңғыма, өнім сатылатын шағын дүкен орналасқан. Жалпы ауданы 1 гектар жерді алып жатқан екінші цех биыл мамыр айында Боралдай ауылында ашылды. Күн сайын әр зауытта 50 шаршы метр шамасында тақтатас, 240 дана газоблок және 1200 приторлық блок шығарылады. Екі кәсіпорында 17 адам жұмыс істейді. Кәсіпкер Е.Сұңқарбекұлы: «Осыған дейін мен құрылыс компаниясында жұмыс істедім. Тәжірибем болды. Блокқа сұраныс бар екеніне, кәсіп жүргізуге мүмкіндіктің барына көзім жетті. Осылайша, өз ісімді ашу туралы идея пайда болды». Содан «Еңбекшіқазақ ауданындағы кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жобасына қатысуға бел будым. Алғаш рет 200 АЕК (*айлық есептік көрсеткіш*) көлемінде грант, кейін 6 млн теңге көлемінде 6 пайызбен жеңілдетілген несие алдым. Сонымен бірге, «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында, инновациялық жоба ретінде 2 млн теңге көлемінде грант жеңіп алдым. Осы қаражатқа мен блоктар мен төсемдер және басқа да жабдықтар шығаратын станоктарды сатып алдым. Жабдықтардың барлығы отандық өнім, тек приторлық блок шығаратын станок Қытайда жасалған. Өндіріске арналған шикізат жергілікті карьерлер мен цемент

Алматы облысында өңірлік кәсіпкерлер палатасының жанындағы оқу орталықтары тізіліміне енген 79 орталық нарықта сұранысқа ие 200-ден астам мамандық бойынша жұмыссыздарды қысқа мерзімді оқытуды жүзеге асыруда. Осы жылы облыс бойынша 1500-ден астам адам жаңа мамандықтарды меңгереді.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен айналысатын оқу орталықтарының бірі — Текелі қаласында орналасқан. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, Алматы облысында білімгерлерді жұмысқа орналастыру көрсеткішінде осы орталық көшбасшы атанды. Қысқамерзімді оқудан өткен жұмыссыздардың 95,5 пайызы тұрақты жұмысқа орналасқан немесе жеке кәсібін ашқан. Жакында оқу орталығында аспаз мамандығы бойынша қорытынды емтихан өтті. Оқу орталығының жетекшісі Светлана Оңғарбаеваның айтуынша, қазіргі таңда оқу орталығын 18 тігінші мен 20 аспаз бітіріп шыққан. Оқу ұзақтығы үш ай, ай сайын студенттер 20 мың теңге көлемінде шәкіртақы алады.

Светлана Оңғарбаева: «Біздің оқу орталығымыз нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың арқасында және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен Текелі қаласының жұмыспен қамту орталығының қолдауымен ашылып, үш жыл жұмыс істеп келеді. 2019-2020 жылдары оқу орталығында 115 адам білім алды, оның ішінде — 60 тігінші, 35 есепші және 20 аспаз. 110 адам немесе қатысушылардың 95,5 пайызы жұмысқа орналасты. Оның ішінде 26 түлек өз ісін ашуға грант алды. Ағымдағы жылы біз 18 тігінші мен 20 аспазды оқыттық», — деп түсіндірді. Орталық түлектерінің бірі — Назгүл Төлендиева. Оқу орталығында ол аспаз ісі бойынша үш айлық курстан өтіп, қаладағы мейрамхана кешендерінің бірінде жалақысы жоғары жұмыс тапты. Емтихан кезінде комиссия мүшелері аспазшының қурстық біліктілік жұмысына жоғары баға берген. Леонид Пак — «тігінші» мамандығы бойынша оқу орталығын тәмамдаған студенттердің бірі. 2019 жылы оқу орталығында біліктілігін көтеріп, кәсіпкерлер палатасының қалалық филиалы жанынан «Бизнес кеңесші» жобасы бойынша оқудан өтті. Жобаны қорғап, «Бизнестің жол картасы — 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 млн теңге көлемінде мемлекеттік грант алды. Бүгінгі таңда кәсіпкер былғары мен теріден түрлі бұйымдар жасайды. Сол қатарда әйелдерге арналған сөмке, әмиян, белдік пен аяқ киімдер сұранысқа ие. Шағын цех үш адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Светлана Оңғарбаеваның айтуынша, оқу орталығында мамандық бойынша біліктілікке



зауыттарынан жеткізіледі», — деп шағын бизнесінің шаруасын түсіндіріп берді. Ермектің айтуынша, өндіріс пен сату маусымы наурыз айында басталып, қазан айының соңына дейін жалғасады. Өнімінің басым бөлігін жеке азаматтар сатып алса, қалған 30 пайызға жуығын мемлекеттік және бизнес құрылымдары қажетіне жаратады. Алдағы уақытта кәсіпкер өндірісті кеңейтіп, өнеркәсіптік база салуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ қызмет көрсету және туризм салаларының дамуына ниетті екенін айтты.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ие болып қана қоймай, кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, қайырымдылық шараларына белсенді қатысады. Мәселен, өткен жылы пандемия кезінде оқу орталығы 1000-нан астам бетперде тігіп, көпбалалы отбасылар мен мүгедек жандарға таратты. Жыл сайын студенттер Бөбектер үйінің тәрбиеленушілеріне арнап киім-кешек тігеді. Сонымен қатар, орталықтың түлектері кәсіпкерлер үшін ашық сабақ ұйымдастырады. Оқу орталығының басшысы: «Оқу орталығында ашық сабақ пен шеберлік сыныптарын жиі өткіземіз. Ол сабақтарды біздің түлектеріміз жүргізеді. Өз ісін ашқан түлектер біздің қатысушыларды іс

КӘСІПТІ ҮЙРЕТЕДІ, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТИДЫ



колледждер жанынан — 35, дербес оқу орталықтары — 6 және жоғары оқу орны жанынан бір орталық құрылған. Оқыту 200-ден астам сұранысқа ие мамандықтар бойынша жүргізіледі. Биыл 1500-ден астам адам оқудан қамтылады деп жоспарлануда. Ережеге сәйкес, оқу орталықтары білім алушылардың 60 пайызға жуығын жұмысқа орналастыруы тиіс», — деп жастарды кәсіптендірудің жоба-жоспарын жайып салды. Қысқа мерзімді оқуға жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Ол үшін жергілікті жұмыспен қамту орталығына жүгініп, жазылу керек. Кәсіпкерлік субъектілері мен жұмыс істеп тұрған оқу орындары қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламалары бойынша оқу орталығын ашу үшін өңірлік кәсіпкерлер палатасына жүгінуі қажет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Өндіріс

Елімізде қуат көздерін тиімді пайдалануға айрықша көңіл бөліп келеді. Бұл ретте энергетика, соның ішінде атом өнеркәсібінің экономиканы дамытудағы маңызы зор. Шығыстағы атом қуатын пайдалануға бағытталған өндіріс ошақтары осы мақсатқа қызмет етеді.

Өскемендегі ең ірі кәсіпорынның бірі — «Үлбі –ТВС» ЖШС. Бұл кәсіпорын еліміздің атом саласындағы ең үздік инновациясы болып саналады. Өндіріс ошағы 2015 жылы 3 желтоқсанда іске қосылыпты. Жоба Қытайдың CGN компаниясының инвестициясы арқылы жүзеге асқан. Жобаның жалпы құны — 47



млрд теңге. Кәсіпорынның 51 пайыз үлесі «Үлбі металлургиялық зауытына, ал қалған 49 пайыз үлесі Қытайдың CGNPC-URC компаниясына


саласында маңызы зор екенін атап өтті. Ол Jas qazaq газетіне берген сұхбатында былай деді:

«Көршілес Қытай елінің CGNPC компаниясы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-мен уран өндіру саласы, табиғи уран саудасы саласында 2006 жылдан бері серіктес. Жобаны бірлесіп жүзеге асыру екі компанияны

да тарихи жана белеске жетелейді. Атом саласына қажетті жылу бөлгіш



өткен. Ең ірі инвестициялық жобаның жүзеге асуы алғаш рет Қазақстанда атом саласына қажетті жылу бөлгіш құрылғыларын шығаруға мүмкіндік беріп отыр. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК — бұл өнеркәсіпті әртараптандыруда стратегиялық кадам жасайтын компания. Бұл компания уран өндірудегі нарықта өзінің көшбасшылығын сақтай отырып, атом



АТОМ САЛАСЫНДА ӨРЛЕУ БАР

тиесілі. Бүгінде кәсіпорын 136 адамды жана жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отыр. Мұнда атом саласына қажетті уран ТВС (жылу бөлгіш құрылғылары) шығарылады.

«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ басқарма төрағасының орынбасары, «ҮлбіТВС» ЖШС бас директоры Владимир Вахненко жобаның атом

құрылғыларын біздің елімізде шығару «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК инвестиция тартудағы ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарын іске асырады. Нәтижесінде Үлбі металлургиялық зауытының аумағында заманауи толық автоматтандырылған «ҮлбіТВС» ЖШС құрылды. Бүгінде кәсіпорында 136 адам жұмыс

пайдаланылады. Бүгінде кәсіпорын жылына 200 тонна ТВС өндіреді. Дайын өнім теміржол арқылы Қытайға экспортталады.

Кәсіпорын 2021 жылдың мамыр айында француздың Framatome компаниясының сарапшылары тарапынан техникалық бағалау мен сертификациялау процесінен сәтті

саласына отандық өнімдерін ұсынумен қатар, еліміздің ғаламдық атом өндірісі саласында ықпалын күшейтпек.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
арнаулы тілші
Өскемен қаласы

Игі іс

Елімізде еріктілік ісі жыл өткен сайын қанатын кең жайып, өрістеп келеді. Оған жер-жерде құрылған ерікті жастардың игі бастамалары дәлел. Соның бірі – Жамбыл облысы «Ақ сұңқар» жастар қоғамдық бірлестігінің жанынан құрылған Sunqar еріктілер қозғалысы. Біз осы қозғалыстың жетекшісі Еркін Әбдиевпен әңгімелестік.

арналған спорттық шараларды ұйымдастыру. 2019 жылы қоғамдық кор ретінде ресми тіркелгеннен кейін, туған жерін көркейтуге, табиғатын қорғауға ұмтылатын, қоғамда әлеуметтік жобаларға белсенді араласатын, жақсылыққа жаны құмар мейірімді жандардың басын қостық.

Jas qazaq: Өзіңіз жетекшілік ететін еріктілер қозғалысы қандай шараларды жүзеге асырады? Ерікті болуға жастардың белсенділігі қандай?
Е.Әбдиев: Өткен аптада ғана

жана игі өзгерістер әкелуді қалайтындар. Сонымен қатар



«Дана халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Қайырымдылық пен мейірімділік – қанымызға сіңген қасиет. Қазақта асар жасап, бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсету дәстүрі бар. Оның волонтерлікпен үндесетіні сөзсіз. Сондықтан сол дәстүрді заманға сай қайта жаңғыртуымыз қажет».

(Президент
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ)

АРДАГЕРГЕ КӨМЕКТЕСТІ



біз Жамбыл облыстық полиция департаментімен бірлесіп «Есірткіге қарсы күрес» акциясын ұйымдастырдық. Өскекен ұрпаққа нашакорлықтың зияны туралы ақпарат бердік. Үйлердің қабырғасындағы есірткі туралы мағлұмат беретін



Jas qazaq: Sunqar еріктілер қозғалысы қашан, қалай құрылды? Жалпы осы қорды құрудағы мақсатыңыз қандай?

Е.Әбдиев: Біздің Жамбыл облысындағы «Ақ сұңқар» жастар қоғамдық бірлестігіне биыл 10 жыл толады. Бастапқыда оның бағыты басқа еді. 2019 жылы осы қоғамдық бірлестіктің жанынан Sunqar еріктілік қозғалысы құрылды. Қазіргі біздің негізгі мақсатымыз — волонтерлік жұмысты алға бастыру, әрмен қарай дамыту. Бүгінгі күні бізде 40-тан



жасаған жақсылығы мен атқарған жұмысы үшін ақы сұрамайтын жандар.

Jas qazaq: Sunqar еріктілер қозғалысы алдағы уақытта қандай бастамаларды қолға алмақшы?

Е.Әбдиев: Биыл біз өзіміздің жоғарыда атап өткен бағыттарымыз бойынша жұмыс істейміз. Мұқтаж жандарға жәрдем беруді

жалғастырамыз. Бүкіл еліміз бойынша қолға алынған «Біз біргеміз» акциясы аясында тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік себетін жеткіземіз. Спорт жарыстарын ақылы түрде ұйымдастырып, одан түскен қаржыны тұрмысы төмен жандарға береміз. Біздің қор мемлекетке қарасты емес. Қоғамдық кор ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен, арнайы қаржы жинауға арналған есепшотымыз бар. Қоғамдық кор түскен қаржыдан мемлекетке тиесілі салықты уақытылы төлеп отыр. Айта кету керек, бізде жұмыс істейтін еріктілерге айлық төленбейді. Олар өз еркімен көмек қолын ұсынуға келген жандар. Жоғарыда айтылған іс-шаралардың барлығына қолдан келгенше, өз көмегімізді көрсетіп, әрқашанда қатысуға дайынбыз! Алдағы уақытта осы бағыттар бойынша көптеген игі істерге арнап мақсатты жоспар құрдық. Барлығымыз біріге отырып, өз ортақ мақсатымызға қол жеткіземіз. Біз қайырымдылық жасау арқылы адамдардың жүрегінде үміт отын жаққымыз келеді.

Макпал
МАХАМЕТҚЫЗЫ



астам ерікті жас жұмыс істейді. Пандемияға дейін қатарымыз 200-ден аса болатын. Қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты еріктілер санын қысқартуға тура келді. Біздің қозғалыстың арнайы бағыттары бар. Атап айтсам, әлеуметтік бағыт бойынша мүмкіндігі шектеулі жастарға, ардагерлерімізге көмектесу. Қала экологиясын қорғау, дипломын енді қолына алып жұмыс іздеп жүрген жастарға жұмысқа орналасу бойынша кеңес беру. Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуге

жазуларды өшірдік. Біздің елде еріктілер өте белсенді. Біз өз жұмысымызды еріктілік қызметті дамытудың жеті ұлттық бағыты аясында жасалған «Біргеміз» жалпы тұжырымдамасы бойынша бастадық. Бұл — білім беру, медицина, экология бағыттарындағы еріктілік. Қарт адамдарға көмек көрсету, қиын жағдайға тап болған адамдарға ақыл-кеңес беру, рухани және мәдени құндылықтарды сақтауға бағытталған еріктілік. Еріктілікті тандағандар — қоршаған орта мен қоғамға

Ауыл шаруашылығы

Еліміздің шығыс өңірі ауыл шаруашылығын дамытуға аса қолайлы десек қателеспейміз. Аймақта егін және мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Әсіресе, Шығыс Қазақстан облысындағы Жарма ауданы үлгі тұтарлықтай.

Бүгінде Жарма ауданының агроөнеркәсіптік кешенінде 626 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші жұмыс істейді. Атап айтқанда, 19 ЖШС, 2 мемлекеттік кәсіпорын, 571 шаруа қожалықтары және 34 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері тіркелген. Ауданда 46 шаруашылықта асыл тұқымды мал өсіріледі. Оның ішінде

өсіріледі, басшысы Алтай Танабаев. Шаруашылықта бүгінде 600 бас жылқы бар. Сондай-ақ Бірлік ауылдық округінде көп жылдар бойы пайдаланылмай келген 1500 гектар егістік жерлерді игеріп, жақсы өнім алған «Имаділов Е» шаруа қожалығын (басшысы Ерболат Имаділов) атап өтуге болады. Шаруашылық күнбағыстың әр тектарынан 15 центнерден өнім алды. Бұл көрсеткіш аудан бойынша жоғарғы нәтиже болып саналады.

АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ӨСІРЕДІ

ірі қара малды — 23, қой-ешкі -19, және 4 шаруашылық жылқы өсірумен айналысады.

Соның ішінде аудандағы ірі шаруашылықтың бірі, қазақтың ақ бас тұқымды ірі қара малын өсіретін «Шалабай» ЖШС-ның он жұмыстарын атап өтуге болады. Қуаныш Сүлейменов басқарып отырған аталмыш шаруашылықта 126 адам жұмыс істейді. 3,5 мыңға жуық қой, сиыр мен жылқы өсірумен айналысады. Серіктестік егін шаруашылығын да жүргізеді.

Өткен жылы Ресейден және ел ішінен 425 ірі қара сатып алды. Канада елінен әкелінген

Аталмыш шаруашылық келешекте сүт-тауарлы фермасын салуды жоспарлап отыр.

Тағы бір өнімді жұмыс атқарып жатқан шаруашылық ретінде Аршалы ауылдық округі, Жарықтас ауылында орналасқан «Дәметкен» шаруа қожалығын айтуға болады. Шаруашылық мал шаруашылығынан бөлек, туризм саласын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде. Келер жылы «Маралды» кемпингі маңынан туристердің демалыс орталығын салуды жоспарлап қойды. Оның ішіне балық аулау, жаяу және атпен серуендеу сияқты қызмет түрлері көрсетілетін болады.



АУДАНДАҒЫ КӨРСЕТКІШ

2021 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша, агроөнеркәсіп кешені саласында атқарылған жұмыстардың оң нәтижесі байқалады. Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі – 10 243 млн теңге, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 021 млн теңгеге артық. Өсу қарқыны – 111 пайыз.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ірі қара мал – 103 867 бас немесе 105%, (2020 ж. – 98 916 бас); Қой мен ешкі – 254 764 бас немесе 101,5% (2020 ж. – 251 969 бас); Жылқы – 43 371 бас немесе 110,1% (2020 ж. – 39 382 бас).

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ:

Ет – 4 411 тонна немесе 105% (2020 жылы – 4 211 тонна); Сүт – 19 088 тонна немесе 100,4% (2020 жылы -19 006 тонна); Жұмыртқа 1 644 мың дана немесе 105% (2020 жылы – 1 565 мың дана).

бұқашықтарды бордақылауға арналған арнайы аппарат қолданысқа енгізілген. Құны 260 млн теңгені құрайтын бүгінгі заманға сай зертхана құрылысы қолға алынды.

Өткен жылы қазақтың асыл тұқымды ақ бас сиырын өсіруді қолға алынғанына 70 жыл және «Шалабай» ЖШС құрылғанына 15 жыл толды.

Аталмыш серіктестік сияқты, Жарық ауылында «Қалбатау» асыл тұқымды мал зауыты» жұмыс істейді. Шаруашылық менеджері Нұрлан Төлегеновтың айтуынша, бұл ұжым биылғы жылы ауа райының қолайсыздығына қарамастан, 3000 гектар алқапқа дәнді дақылдар өсіріп, арпанын әр гектарынан 15 центнерден, бидайдан — 13 центнерден өнім алды. Бұл — аудан және облыс көлеміндегі жақсы көрсеткіш. Сонымен қоса, шаруашылық қыс мезгілінде ауыл арасындағы жолды қардан тазалау жұмыстарына көмектесіп отырады.

Жарма ауданы — «Байыс» тұқымды қойдың отаны. Оның ішінде осы бағалы түліктің басын сақтап, көбейтуге елеулі үлес қосып келе жатқан Үшбік ауылдық округіндегі Хасиевтердің «Қараалды» шаруа қожалығын атап өткен жөн. Аталмыш шаруашылықта бүгінгі күні 7,5 мың бас «Байыс» тұқымды ұсақ мал басы өсіріледі. Жылына 1 мың басқа тарта асыл тұқымды қой басқа өңірлерге сатуға шығарылады.

Ауданда өсірілетін асыл тұқымды түліктің бірі — «Жәбе» тұқымды жылқы малы. Мұндай жылқы Бірлікшіл ауылдық округі, Қойтас ауылындағы «Тайлак» шаруа қожалығында

Сонғы бес жылда шаруашылық ашып, асыл тұқымды мал басын көбейтуге үлесін қосып келе жатқандардың арасынан Шар

қаласындағы «Дәурен» шаруа қожалығы мен Аршалы ауылындағы «Болашақ» шаруа қожалықтарына тоқтала кеткеніміз жөн. Мемлекеттік, салалық бағдарламаларға қатыса отырып, өзге өңірлерден асыл тұқымды мал басын сатып алу және селекциялық жұмыстар жүргізудің нәтижесінде екі шаруашылықта да ірі қара мал саны 500 басқа жетті.

Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту «Еңбек» бағдарламасы аясында бүгінгі күнге «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ға 67 млн теңгенің 22 жобасы тапсырылып, толығымен қаржыландырылады.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да 207,8 млн теңге сомасына 11 жоба қаржыландырылып, 24 жұмыс орны құрылды. Оның ішінде ірі жоба «Сарыбас» ШҚ-нің 112 бас сүт бағытындағы асыл тұқымды ІКМ тұқымын РФ сатып алу болып табылады.

Күздік дәнді дақылдарды жинау тамыз айының ІІ онкүндігіне межеленуде. Жаздық дақылдар тамыз айының ІІІ онкүндігінде басталады. 2021–22 жылғы қыстамаға қатаң мал азығын дайындау науқанына дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Бұл жұмыс жыл көлемінде жалғасын табатын болады.

Максат ҚАСЫМОВ,
Жарма ауданы кәсіпкерлік және шаруашылығы бөлімінің басшысы,
Шығыс Қазақстан облысы



Мерейтой

Жетісу жерінде Қуат Қайранбаев ныспылы ақынның бары, жырлары көктемнің керімсал самалындай жаңға жайлы тиетіні, өлең ырғағы мен мәйекті мазмұны өзгеше екені көзіқарақты оқырманға таныс. «Ол рухани ұстаз һәм сырлас ағам» деп мақаланың басында айшықтап айтуды жөн санадым. Өз көңілімнің төрінен орын алған ақын жайлы інілік пейілмен ой қозғап отырмын. «Ардың ісі» саналған әдебиет жайлы, оның тұғырлы тұлғалары туралы толғанғанда адам баласының алыс-жақындығы тектен, қаннан немесе жерлес болудан емес, рухани үндес, тұғырлас-тұрғылас болудан екенін де ұмытпаған жөн. Осы тұрғыдан алғанда, менің рухани өлеміме өзіндік шырағданын маздатқан шайырлардың бірі екені де жасырын емес.

Биыл асқаралы алпыс жасты еңсеріп отырған Қуат Қайранбаевпен мен «тоннын ішкі бауындай» етене едім. Сондықтан да көптеген жырының туу тарихын, түпкі мазмұнын жақсы білемін. Ақын әрі жақын болған соң кеңкөкіректі, ажжүректі азамат екеніне көзайым болып келе жатқаным да ақиқат. Жуық уақыт мезіретінде сыршыл ақынның соңғы он жыл көлемінде жазылған өлеңдерінің қолжазбасымен танысып шықтым. Осы орайда ақын шығармашылығы жайлы аз-кем тебірене термелеуді жөн санап отырмыз.

Жер жәннаты Жетісу топырағында өмірге келіп, жасынан қалам ұстап, қасиетті қара өлеңді жанына серік еткен Қуат Әбілұлы өзінің сыршыл жырлары арқылы оқырманын елең еткізген таланттардың бірі. Оның таңғы шықтай мөлдір өлеңдері махаббат, Отан, адамзаттық толғаным, туған жер мен тұғырлы ел туралы тебіреніске толы. Сондықтан да «қаймағы бұзылмаған қара өленнің» қасиетіне адал болып келе жатқан алпыс деген «тал түстен» төбе көрсеткен рухани ағамның соңғы жылдары жазылған жырларын өлең-дарияға қосылған жаңа жылға деп айта аламын.

*Жылдар, жылдар,
Жаз, күз, қыс, көктемсіңдер,
Қайғы, ләззат, қуаныш төккенсіңдер.
Өзіміз деп жүрміз ғой қожайыны,
Қайдам,
Сендер тірлікте өктемсіңдер.
Жылдар, жылдар,
Жеке бір дарасыңдар,
Өмірімнен әрқайсың аласыңды ал!
Бір-бір сызық түсіріп маңдайыма,
Жастығымды жырымдап барасыңдар, —*

деп өзі жырлағандай, «жастығын жырымдаған» жылдарға қарата жыр түлеткен Қуат Қайранбаев болмысы беззат ақындарымыздың бірі. Ол әрдайым көңілінің пернесіне қонақтаған алуан күйді, ақындық көзқарасын, заман ағымын, тіршілік тынысын өлеңге арқау ете отырып, өзі көрген түрлі дүниені мінсіз суреттей білген-ді. Қашан көрсең де ақ жүрегі алып ұшып тұратын ол сырлы әңгіме ақтарып, күнделікті күйбең тірліктен тысқары, адамзатқа ортақ құндылықтардың сәт санап құлдырап бара жатқанын әсерлі пайымымен жеткізетін. Адам баласының сәт сайынғы тіршілікке бейімделіп, дәстүрлі ғұрыптық дүниелеріміздің тасада қалып жатқанына күйінетін. Міне, сол айтылған азаматтық көзқарасының денін біз аталмыш жырларынан айқын таныдық. Бұл орайда ақын көңіліндегі барлық түйткілді мәселелер мен шайырлық толғамын, танымының тұңғиығында жатқан маржан сезімді жауһар жырына көз қылып қандай білген деп ашық айтуымызға негіз бар.

*Көктем кетіп, алды ма әлде қыс кіріп,
Көңілімді қамшылайды үскірік.
Қардай аппақ болса деген жанымды,
Жұлмалайды жабайы ойлар ышқынып, —*

деп жырлапты «Қысқы элегия» атты жырында. Неткен тамаша ойлар тізбегі, неткен суреткерлік?! Ақын шығармашылығының шұғыласы іспетті осындай шумақтардан құралған жырларды тебірендей, толқымдай оқуға болар ма екен? Табиғаттың төрт мезгілін текті жырының тиегі ете отырып, ақ мақпал қарын жер-анаға жамылғы еткен «қысты» да осылай толғай алған ақыннан астарлы ойды «қызғанып» қалатын сезім де бойға бекінгендей болды. Рас, кейде ұтқыр тенеу, өтімді баламаларды «қызғанып» қалатынымызды осы жолы оқырман алдында мойындап қойғанымыз да жөн-ау. Кейде әдебиет зерттеушілері мен сыншылардың қаламгер шығармашылығын талдап отырғандағы ойы, шығарманың асылын айшықтағандағы жазу техникасы, бір кейіпкерді немесе жалқы тармақты тарқатуы автордың өзіне ой салып, кей ретте

қаламгерді тандандырып жататыны бар. Тіпті шығармашылық шабыт үстінде автор өзі аңғармай жаза салған дүниесін жауһар екенін сыншылар ерекше бағалағанда барып қаламгер «апырай» деп тамсанатынын жиі кездестіреміз. Бәлкім, біз сөз етіп отырған «қысқы элегия» өлеңінің айшықталған шумағындағы «Көңілімді қамшылайды үскірік» деген тармақтың философиямен тамырлас екенін



ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚУАТЫ



Қуат ағамыздың өзі аңғармаған шығар-ау? Алайда біз бұл жырды оқып отырып, осы тармаққа келгенде еріксіз бас шұлғыдық. Өйткені адам баласының жанына жақсылық «қайрак» болмайды ғой. Керісінше «үскірік» секілді дүниетанымға қопарылыс, жаңға салмақ, тәнге ауырtpалық алып келер ұғымдар ғана «көңілді қамшылайды». Рас, әрбір ақынның, жазушының асылын айшықтап, оның маржан сөзін, астарлы баламасын, ұтқыр ойын жіпке тізгендей тізбектеп шығу оңай дүние емес-ті. Дегенмен, поэзияға інкәрлік танытқан кез келген оқырман шығарманың шырайлы тұстарын аңғарады. Біз де әлі кітапқа басылып үлгермеген жырлардан көңіліміздің күмбезіне қонақтай кеткен ерекше ойларға тебірендік. Азаматтық қасиеті бөлек, тілге шешен, сөзге ұста ақын Қуат Қайранбаевтың шығармашылығын оқып отырған кез келген талғамы жоғары оқырман бір дүниені аңғарады. Ол ақын жанының тыншу көрмей, бір інкәр сезімді іздейтін. Ол мұңға малынған, шаттыққа бөккен інкәрлік пе, құсни хат жолдар хаса сұлуына деген мәңгілік сағыныш па, тап басып болжау қиын. Бәлкім, із-бердері жауһармен танбаланған бабалардың дәуіріне деген ансарлық та болар, кім білсін. Дегенмен сол ақынның өзіне ғана мәлім жай-күйден түлеген тіркесті жырлар тізбегі көңілге қонып, жүрекке жылылық себеді.

*Тұман басқан түріп тастап түндікті,
Күмән шашқан көрер ме едім сұмдықты.*

*Көкірегімнің сәулесімен жол салып,
Жалғандықтан іздеп келем шындықты.*

Немесе:

*Қашан?
Қалай?
Қай жерде гүл атты әлем?
Қанағат қып қай іске тұрақтап ем.*

ақындарды осы не азап иектейді?» «Неге екі жырының бірінде тағдырға налығандығын әшкерелейді?» деген сарындағы сауал қарапайым оқырманның кеудесінде бұр атуы мүмкін. Біз де қалам ұстаған, оның ішінде жыр өрісіне ат шалдырған адам ретінде айтар болсақ, ақын деген құлағалы тұрған жарға шатыр тігетін аңғал халық дер едік. Сол аңғалдықтан, әрине, өзінің тағдырын мұңға шылап отырып, мынның, миллионның ғұмырына ізгілік нұрын сеуіп, өзі көрген ұлы кемшіліктерден сабақ алу дәрісін жүргізетін ғаламның ғұлама-жаратылысы деуге де толық негіз бар.

Иә, Қуат Қайранбаев шын мәнінде қара өленге қызмет етіп келе жатқан ақын. Ол әрқашанда заманның тынысын, тіршіліктің ырғағын тамыршыдай дөп басып жырлап келеді. Әр жылдары жаңғырығы жер жарған жағымсыз оқиғаларды, қазақ халқының маңдайына айғыз таңба салған, ұлттық сипаттың реңін қашырған ұрпақтың өмірге жеңіл қарап, түрлі жаңалықпен жүрекке салмақ салуын, тіршілік атаулының құндылықтардан қиыс кетіп бара жатқанын, биліктің самарқаулығын, қоғамның салғырттығын ақын өз пайымымен топшылап, күніренеді. Мәселен:

*Шын дарынның таусылып тағдыр әні,
Неге өмірде зұлымдар сән құрады?
Аяулы ұлы әкесін жұртқа тастап,
Неге анасы сәбиін қалдырады? —*

деп жырлайды бір жырында. Осы бір шумактан-ақ ақын дүниетанымына сынадай қағылған сұрқай тірліктегі адамдардың бет-бейнесін толық аңғара аламыз. Асқар таудай әкесін шеттеткен баланың, сәбиінің жалаң төнін желге қаратып тастап кеткен аналардың безбүйректігін осыдан артық сұрау сала жырлау болар ма? Бұл ақынның өз заманына қарата налуы дегеннен көрі, заман тудырған кесепатқа уақытылы үн қату деп ұғынған жөн!

Ақпанның аязына жалаң кеудесін тосып, шарша тамыздың шақар күніне құйқасын қарытып, табанына шөнге кірсе де текті жұртының бақыты үшін тілім-тілім тірлік кешер ақын болмысын ұғынуға тырысудың өзі азап! Кез келген шығармашылық иесінің тағдыры сын-сынақтан тұрады. Кез келген таланттың пешенесіне тоғжарау жүру жазылса, оны заңдылық деп қабылдаймыз. Біреуі махаббаттың машақатын тартса, енді бірі ұлттың қасіретін мойнына қамыт етіп асынады. Қуат Қайранбаев та ұлттың бүгіні үшін алаңдап, ертегі үшін күйінетін шайырларымыздың бірі.

Жарық ғаламнан жанар тайдырғанша әдебиет үшін саналы ғұмырын сарп еткен Мұзафар Әлімбаев бір естелігінде: «Жасалғанды жасық жаңғырту жақсылық емес, жасампаздармен жарыса өнер таныту — қасиет» деп жазыпты. Осы айтылғандай, Қуат Қайранбаевтың әдемі әлеміне, шығармасының көркемдігі мен ақын танымының түпкіріне бойлап отырып, тек асылын айшықтап өтудің, асыра баға берудің өзі ертең үшін ұятты іс болары да даусыз. Сондықтан, ақын атаулының шығармашылығы мінсіз болады деп тұжырым жасаудан аулақ екенімізді білдіріп, кейіпкеріміздің де кей шығармасында көңілге томпақ келетін тіркестер барын атап өткіміз келді. Мәселен, мына бір шумакты оқып көрелік.

*Сергелдең болып сезімім,
Түскендей келіп торға нақ.
Тулақтай тулап төзімім,
Жүректің қаны сорғалап.
Міне, осы шумактың
«Тулақтай тулап сезімім»*

деген тармағы ақынның шабыт үстінде жіберген кемшілігі болар? Әйтпесе, тулақ тулаушы ма еді? Бәлкім, «тайлақтай тулап төзімім» болуы жөн бе еді?

Жалпы әлем классиктерінен тартып, қазақтың заңғар қаламгерлерінің бәрі де ғажайып шығармалар өмірге алып келгенімен, олардың бәрі кемшіліксіз жазылды деп айту қате болар еді.

Хош, кез келген ақынның мұраты ұлы еліне уызы құнарлы шығарма ұсыну екені айтпаса да түсінікті. «Жалында қалар қамкөңіл мынау жұртымның, жұлдыздай жарық бір өлең жазсам болғаны» немесе: «бір ұйқас келіп ұйқымды бұзса, шіркін-ай, әлемнің барлық шайыры ойлап таппаған!» деп өзі жырлағандай, алты Алашының аспанында өзінің үнін қалықтатуды мақсат етіп, алпыс жасына дейін шұғылалы жырын еліне ұсынып жүрген Қуат Қайранбаев шын мәнінде ақын екені даусыз. Оның әр кездері жазған шығармалары өзіндік әуезімен, ерекше сарынымен, бөлекше тенеу, мөлдір тіркестерімен оқырманын толғанып келеді. Ендеше:

*Жүргенде тылсым дүние көшіне еріп,
Бұл заман тайраңдайды төсін керіп.
Сәскенің салтанатын қимай жүрсем,
Төріме жатып алды-ау бесін келіп, —*

деп өзі жырлаған тағдырдың «тал түсіне» табан тіреген ақынның таңғы шықтай жырлары талай жүректің суынын басып, мейірін қандырады даусыз.

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

деп толғанады. «Елдің алдында маңдайы жарқырап, келбеті мен келісті тұлғасы көз сүйсіндіріп, сөзі жүрекке қонып жүретін



Әдетте, кез келген жұмыс таңғы сегізде басталып, кешкі алтыда аяқталмай ма? Ал шекарашылардың жұмысы кешкі сағат сегізде басталып, ертесі таңғы сегізде аяқтайды екен. Біз мұны өлдің шеті, желдің өтінде қызмет ететін шекарашылармен бір күн бірге жүргенде білдік.

Жасыратыны жоқ, бала күнінде әскери адам болғысы келмейтін, шекарашы болып отанын күзеткісі келмейтін ұл болушы ма

ШЕКАРАШЫ БОЛУ – ОТАНШЫЛ СЕЗІМНЕН

еді? Біз де тас жастанып, мұз құрсанып Отанын қорғайтын шекарашы болғымыз келген-ді. Бірақ бағытымыз басқа жаққа бұрылды.

Өткен аптада шекарашылардың өмірін көзбен көріп, олардың ортасында болудың сәті түсті. Бұл сапарды бізге ҰҚК шекара қызметінің запартағы подполковнигі Тамара Дәулетбаева ұйымдастырды. Сөйтіп Алматы облысына қарасты Кеген ауданындағы «Жаланах шекара бөлімінде» бардық. Бізді бөлім бастығы майор Фархат Доскелдинов өзі қарсы алды.

Бөлім тау етегіндегі шағын ауылдың қақ ортасына орналасыпты. Екі қабатты үйдің ауласы ретті, таза, қарағай-шыршаға көмілген, еңселі, айбынды. Аулада сандалып бос жүрген адам жоқ. Әскери тәртіп деген осы шығар. Әркімнің өз жұмысы бар. Ешкім дауыстап шақырмайды, бірақ бәрі бір-бірін көзбен түсініп, қас-қабатпен ұғатындай. Фархат бізді шекарашылар үйімен таныстырды. Екі қабатты үйдің бірінші қабатында шекара бөлімі мен бөлімшесінің кеңсесі және асхана, спорт зал орналасқан. Ал екінші қабаты тұрғын үй. Аулада — көлік тұрағы, атқора, балалар ойнайтын алаңқай, монша.

Жоспар бойынша түске дейін Саты ауылындағы Көлсай көлдері ұлттық саябағына барып, туристер мен қонақтар арасына рейд жүргізу қажет. Өйткені шекаралы аймақта әрбір азаматтың қолында құжаты болуы керек. Бұл талап. Сонымен бірге, кез келген азамат өзінің шекаралы аймақта не үшін жүргенін түсіндіруі қажет.

Бөлім басшысы Фархат Талғатұлы Талдықорғанның тумасы екен. 1988 жылы өмірге келген, отызды орталамаған ол аз уақыттың ішінде еңбегімен көзге түсіп, шекара бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалыпты. ҰҚК академиясының 2010 жылғы түлегі. Ол шекарашы болудың онай шаруа емес екенін,

жұмыстарын жүргізді.

Одан кейінгі бағыт — Таңбалытас. Фархаттан шекаралы өңірде болатын қылмыстық істер туралы сұрадық.

— Мен былтыр ғана келдім мұнда. Бірақ соның өзінде бірнеше қылмыстық істің ізін кестік. Таулы аймақ болғандықтан,



арқандай білу керек. Қаланың баласы болсам да мен осының бәрін меңгердім. Шекарашы иттерді де өзіміз үйретеміз. Оған да еп керек, — дейді.

Рабат шекара бөлімшесінде барлаушы сарбаз болып жұмыс істеп жүрген Қуаныш Қостайұлы аспанмен тілдескен асқар тауларды осында келгенде көріпті.

— Қызылорданың тумасымен. Біз жакта мұндай биік тау болмайды. Былтыр күзгі шақырылыммен осы бөлімшеде әскери міндетімді өтеуге келдім.



міндеті мен жауапкершілігі мол жұмыс екенін айта келіп: «Шекарашы болу кеңседе қалам ұстап отыратын «ақ саусақтардың» жұмысы емес. Шекарашы болу деген қауіп-қатерге толы, от пен судың ортасындағы қызмет. Тау-таста, құмды, шөлді аймақта жүреміз. Біз қыс, жаз, күз, көктем деп бөлмейміз. Қар жауып тұр ма, жаңбыр құйып жатыр ма, күн ыстық па, суық па, шекарашы үшін ауа райының өзгерісі кедергі болмайды. Тіпті ондай сылтау айтылмайды. Шекарашы болған адам, ант берген сәттен бастап өзіне Отан алдындағы үлкен міндеттің артылғанын толық білуі керек. Шекарашы болу шен қуу емес», — деді.

Шекаралы аймақта қандай құжатпен жүру керек, тазалықты қалай сақтау қажет, саябақ тәртібі қалай болады? Шекарашылар қонақтарға осының бәрін түсіндіреді екен. Көп жағдайда демалушылар шекаралы аймақтағы ескерту белгілеріне қарамайды. Кейде көпе-көрінеу шекара бұзып жатады.

Шекарашылар бір сағаттай тексеру жұмыстарын жүргізді. Одан ары Қайыңдыға жолға шықтық. Қайыңды басқа бағытта. Оған әдеттегі жеңіл көлік бара алмайды. Шекарашылар жұмыс тәртібі бойынша бұл жерде де туристер арасында тексеру

бұл жақтан көп жағдайда аншылар мен дәрі шөп жинайтындар ұсталады, — деп басталды әңгімесін. — Сіздерге бір қызық әңгіме айтып берейін. Былтыр індет кезінде Қырғызстан азаматы Қазақстандағы бала-шағасымен кездесу үшін Қордай арқылы өте алмай, осы тауда қолға түсті. Шекара бұзды. Қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Биыл біздің шекарашылар таудан дәрі шөп теріп жүрген бір топ адамды қолға түсірді. Олардан біз 350 келі шөп пен шөп тамырын тәркіледік. Шілденің 8-күні түнде Телбан Егізбаев есімді азаматты құрықтадық. Оның көлігінен «Қызыл кітапқа» енген ұлар құсы табылды. Мұндай қылмыс аз емес. Әуесқой аншылар көп жағдайда бұғы, елік, тауешкі атып ұсталып жатады. Қырғызстаннан бері, бізден ары мал ұрлап өткізетін барымташылар да таулы аймақта көп қолға түседі. Өйткені шекаралы өңірдің таулы бөлігі қашаннан ұры-қары үшін таптырмас жол.

Таңбалытасқа қысаңнан ағып шығып жатқан өзен арқылы өттік. Астымызда шекарашылардың аты. Жол жағдайына қанық жылқылар аяғын мысықша басады. Төбеге қарасан, қалпағын ұшатын биік күз жартас. Шекара бұзатын ұры-қарының жолы. Мұндай тар жол, тайғак кешуде шекарашылар



Жарас КЕМЕЛЖАН



БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq gazeti мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Жобаның мақсаты — мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеу. Қазір журналистикаға құмар жандар компьютерлік сауаттылық, мерзімді баспасөз, дизайн, тележурналистика бойынша дәріс алып, тәжірибесін шыңдап жатыр. Оқырман назарына Назерке Исатайдың жазған дүниесін ұсынамыз.

Өмірге өкпе артпау керек

Мен I топтағы мүмкіндігі шектеулі жанмын. 1995 жылы өмірге келдім. 20 жасымнан бастап поэзия оқуға, өлең жаттауға, өзім де жыр жазуға ынтам артты. Қазақтың ақындық өнері бұрыннан бар. Атам Исатайдың ақындық өнері болған. Одан кейін ағам Марғұлан ішкі сырын өлең арқылы ақтарып, жыр жазды. Мен де жалғыз қалғанда, кейде көңілім жабырқап, дүниеден торыққанда, айналадағы адамдардың пенделілік тірлігінен түнілгенде мұнымды өлең арқылы ақтарып, қағазға төгемін. «Өлең деген тулайды қайшылықта, өлең деген тумайды



жайшылықта» деп Мұқағали жырлағандай, кейде мына қоғамның астан-кестен көрінісін көргенде өлең өзінен-өзі құйылады. Тек ұмытып қалмас үшін дер сәтінде қағазға түсіріп аламын. «Өмір деген күрес» атты мына өлеңім де сондай ішкі толқыныстан туған.

Өмір деген күрес, шалынба және жалынды.

Күресе біл тағы да, ақ пен қара жолында.

Жабырқама, жалынды!

Өмірді жылап сүрмегің.

Адамды алдап сыртынан,

сынап, әсте күлмегің.

Ешкімге сенбе тірлікте, өзіңе сен өмірде.

Жылап жатып өмірде,

қайғыға мүлде көмілме.

Терезеге телміріп, жабырқап босқа отырма,

Мына өмір жалғанда, аямас бізді адамдар.

Аяушылық күтпе ешкімнен,

өзіңді демеп күрескін.

Замананың дүрмегінен қалмау үшін ілескін.

Ізгілікті ісің мен ізің қалсын артыңда,

Жақсы ойыңмен қоғамға

жарқыратып гүл еккін.

Жасыратыны не бар, бізді, яғни мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғам шеттетіп, бөлектейді. Ондай бөлу мен алаудан кейін өзім секілді жандардың көңіліне қаяу түседі, жабырқайды. Керісінше, мүмкіндігі шектеулі адамның өмірге құштарлығын арттырса, мүмкіндігі шексіз болатынын айтқым келеді. Қандай да бір берекелі іспен айналысып, кәсіпті дамытсаңыз, өзіңіз де өресіз, рухани күш-қуатыңыз да артады. Сондықтан ешқашан мойымау керек. Жаратушы ием бізге осындай сынақ берді ме, арқалай білейік. Алла тек рухы мықты сүйген құлына ғана көтере алатын сынағын жібереді. Өмірге деген құштарлығымызды кемітпейік әрқашан.

Назерке ИСАТАЙ,
мүмкіндігі шектеулі жан
Алматы қаласы

«Дәуір» баспасының әкімшілігі, мекеменің қызметкері Баян Тоқакызы Шажабаеваның ағасы Жамбыл ауданының Құрметті азаматы

Жұмабек ТОҚАҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты, отбасы мен туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.